Түйін сөздер: бұрандалы сорап қондырғысы, наноқаптама, наноқұрылымдық қаптама, инновациялық бағыт, үйкеліс, коррозия.

Аннотация. В статье всесторонне рассмотрены основные эксплуатационные и технические проблемы, возникающие в процессе использования винтовых насосных установок (PCP – *Progressive Cavity Pump*), широко применяемых в мировой нефтедобывающей отрасли. Проанализированы последствия указанных проблем, эффективные способы их решения, а также факторы, влияющие на надежность работы винтовых насосов. Представлены эксплуатационные

характеристики современных нанопокровтий, направленных на снижение трения и износа (нитрид титана, нитрид хрома, Diamond-Like Carbon, нитрид титана-алюминия), а также результаты их внедрения и основные преимущества.

Наряду с этим описаны современные инновационные методы формирования нанопокровтий, в частности технологии физического осаждения из паровой фазы и конденсации, химического осаждения из газовой фазы, а также введения нанослоев на металлическую поверхность с использованием высокоэнергетической плазмы. Проведен сравнительный анализ эксплуатационных показателей винтовых насосных установок с нанопокровтиями и без них, на основе которого дана оценка их эффективности.

На основе производственного опыта зарубежных нефтяных компаний на месторождениях приведены фактические данные, а эффективность нанопокровтий представлена в виде таблиц и графиков с использованием реальных эксплуатационных показателей насосов. Результаты исследований подтверждают, что применение нанопокровтий увеличивает срок службы винтовых насосов в 1,5–3 раза, повышает их надежность и значительно продлевает межремонтный период эксплуатации. Также обозначены перспективы дальнейшего развития инновационных технологий в сфере нефтедобычи.

Ключевые слова: винтовая насосная установка, нанопокровтие, наноструктурированное покрытие, инновационное направление, трение, коррозия.

Annotation. This paper provides a comprehensive analysis of the main operational and technical problems that arise during the use of progressive cavity pump (PCP) systems, which are widely applied in the global oil production industry. The consequences of these problems, effective approaches to their mitigation, and the factors affecting the reliability of progressive cavity pumps are examined. The operational characteristics of modern nanocoatings aimed at reducing friction and wear—such as titanium nitride, chromium nitride, diamond-like carbon (DLC), and titanium–aluminum nitride—are presented, along with the results of their implementation and key advantages.

In addition, contemporary innovative methods for nanocoating formation are described, including physical vapor deposition and condensation techniques, chemical vapor deposition processes, and the application of nanoscale layers to metal surfaces using high-energy plasma. A comparative analysis of the performance parameters of progressive cavity pump systems with and without nanocoatings is conducted, providing an assessment of their effectiveness.

Based on the field experience of international oil companies at production sites, empirical data are presented, and the effectiveness of nanocoatings is illustrated through tables and graphs using actual pump performance indicators. The research results demonstrate that the application of nanocoatings increases the service life of progressive cavity pumps by 1.5–3 times, enhances their reliability, and significantly extends the maintenance-free operating period. Prospects for the further development of innovative technologies in the oil production sector are also outlined.

Keywords: progressive cavity pump system, nanocoating, nanostructured coating, innovative approach, friction, wear, corrosion.

Кіріспе. Бұрандалы сорап – көлемдік әрекет принципімен жұмыс істейтін сорап түрі болып табылады және ол металл ротордан (бұрандалы білік) және эластомер қабатымен қапталған статордан тұрады. Ротордың айналмалы қозғалысы нәтижесінде сұйықтық бір камерадан келесісіне ығыстырылып, ұңғыманың түбінен жер бетіне үздіксіз тасымалданады.

Бұрандалы сорап қондырғыларының негізгі ерекшеліктеріне төмендегілер жатады:

- тұтқырлығы жоғары мұнайды тиімді өндіру мүмкіндігі;
- құрамында құм, су және газ мөлшері көп қабат сұйықтықтарында тұрақты жұмыс істеу қабілеті;
- құрылымының салыстырмалы түрде қарапайымдылығы, алайда тозуға бейімділігі.

Бұрандалы сорап қондырғылары жоғары тұтқыр, механикалық қоспаларға бай және газ факторы жоғары қабат сұйықтықтарын өндіру кезінде әлемдік мұнай өндіру тәжірибесінде ең нәтижелі технологиялардың бірі ретінде кеңінен қолданылады. Дегенмен, олардың ұзақ мерзімді пайдаланылуын шектейтін басты себеп – ротор мен статор беттерінде жүретін қарқынды абразивтік және коррозиялық тозу үдерістері болып табылады [1].

Бұрандалы сорап қондырғыларын пайдалану барысында жиі кездесетін негізгі мәселелерге мыналар жатады:


Механикалық және коррозиялық тозу – мұнай мен газ құрамындағы агрессивті химиялық компоненттер сораптың металл бөлшектеріне кері әсер етіп, олардың беріктігі мен қызмет ету мерзімін төмендетеді.

Газ факторының ықпалы – қабат сұйықтығында газдың көп мөлшерде болуы оның тығыздығын азайтып, сораптың қалыпты жұмыс режимін бұзады, соның салдарынан көтеру қабілеті төмендейді.

Құм мен қатты бөлшектердің әсері – механикалық қоспалардың ротор мен статор бетімен үйкелісі нәтижесінде беткі қабаттың жедел тозуы байқалады, бұл сораптың тиімділігіне теріс ықпал етеді.

Температуралық және химиялық факторлар – ұңғыма бойындағы температураның өзгеруі металл бөлшектердің кеңеюі мен сығылуын тудырып, олардың құрылымдық тұрақтылығына әсер етеді және қосымша механикалық тозуға әкеледі [2].

Төменде келтірілген 1-суретте бұрандалы сорап қондырғыларында пайдалану барысында тозуға ұшыраған статор эластомерлері мен металл бөлшектерінің мысалдары көрсетілген.



Сурет 1. Пайдалану барысында тозуға ұшыраған бұрандалы сораптың статорлары мен эластомер қабаттарының жалпы көрінісі.

Жоғарыда сипатталған факторлардың әсерінен бұрандалы сорап қондырғыларының жұмысына бірқатар жағымсыз салдарлар тән болады. Ең алдымен, сорап элементтерінің тозуы оның өнімділігі мен қуаттық көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеледі, соның нәтижесінде мұнайды көтеру тиімділігі 15–30% аралығында азаяды.

Сонымен қатар механикалық тозудың күшеюі сорап жүйесінің өзге де тораптарына қосымша жүктеме түсіріп, энергия шығынының артуына себеп болады. Бұл жағдай жоспардан тыс жөндеу жұмыстарын көбейтіп, техникалық қызмет көрсету уақытының ұлғаюына алып келеді. Тозу деңгейінің жоғарылауы жөндеуаралық кезеңнің қысқаруына да әсер етіп, сорапты жиі ауыстыру немесе қалпына келтіру қажеттілігін туындатады, нәтижесінде өндірістік шығындар өседі [3].

Сораптың жекелеген бөліктерінің газбен толып қалуы мұнайдың көтерілу процесін бұзып, өндірудің тұрақсыздығын арттырады. Мұндай жағдайда сорап сұйықтықсыз немесе жартылай сұйықтық режимінде жұмыс істеп, оның жұмыс қабілеттілігі мен сенімділігі едәуір төмендейді.

Төменде келтірілген 2-суретте ұзақ мерзімді пайдалану нәтижесінде тозуға ұшыраған бұрандалы сорап роторларының беткі зақымданулары көрсетілген.



Сурет 2. Тозу белгілері айқын байқалатын бұрандалы сорап роторлары.

Аталған жағымсыз әсерлерді азайту немесе олардың даму қарқынын баяулату мақсатында өндірісте түрлі техникалық және технологиялық шешімдер қолданылады. Негізгі бағыттарға мыналар жатады:

Материалдарды жетілдіру – тозуға және коррозияға төзімді жабындарды, сондай-ақ жаңа буын эластомер материалдарын қолдану арқылы сорап элементтерінің қызмет мерзімін арттыру.

Газ факторының ықпалын төмендету – ұңғыма сағасында немесе сорап алды аймағында газды бөліп алуға арналған сепараторларды орнату, қысым режимін тұрақты бақылау арқылы сорап жұмысының тиімділігін оңтайландыру.

Құм мен қатты бөлшектерге қарсы шаралар – қабат сұйықтығынан механикалық қоспаларды бөлу үшін құм тұтқыштар мен алдын ала сүзу жүйелерін енгізу.

Жетек жүйесін жетілдіру – қабат жағдайына сәйкес сораптың жетегі мен қосалқы бөлшектерін дұрыс таңдап, конструкциялық өзгерістер енгізу.

Мониторинг және диагностика жүйелерін қолдану – жүктемелерді уақтылы бақылап, артық жұмыс режимдерінің алдын алу арқылы сораптың сенімділігін арттыру [4].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Соңғы жылдары үйкеліс коэффициентін төмендетуге бағытталған наноқұрылымды жабындарды қолдану бұрандалы сорап қондырғыларының ротор беттерінің пайдалану қасиеттерін жақсартатыны және жүйенің жалпы сенімділігін едәуір арттыратыны тәжірибелік зерттеулермен дәлелденді. Үйкеліс пен тозуды азайтудың тиімді тәсілдерінің бірі ретінде наноқаптамаларды пайдалану ерекше маңызға ие.

Наноқаптама – қалыңдығы шамамен 10–100 нм аралығында болатын, металл бетінде қорғаныш қызметін атқаратын қатты әрі беріктігі жоғары қабат [5]. Мұндай жабындар металл бетінде үйкелісті азайтып, коррозияға төзімділікті арттырады, сондай-ақ жоғары температуралық және механикалық әсерлерге қарсы тұру қабілетін күшейтеді.

Наноқаптамалардың тиімділігі олардың құрылымдық ерекшеліктері мен физика-химиялық қасиеттеріне тікелей байланысты. Зерттеу нәтижелері ротор бетіне енгізілген көміртекті және нитридті негіздегі қатты наноқабаттардың тозу үдерісін микродеңгейде бәсеңдететінін көрсетеді.

Наноқаптамаларды алу барысында наноқұрылымды материалдар және жабын құрамына нанокоспаларды енгізудің әртүрлі химиялық және физикалық әдістері қолданылады. Бұл тәсілдер жабын құрылымын өзгертіп, толығымен немесе ішінара нанобөлшектерден тұратын қабаттардың қажетті эксплуатациялық қасиеттерін қамтамасыз етеді [6].

Қазіргі таңда наноқаптамаларды қалыптастырудың келесі негізгі технологиялық әдістері кеңінен қолданылады:

- қорытпа құрамына қатты аморфты фазаларды енгізу арқылы кристаллит өлшемін азайту және TiAlN+Si, TiMoN+Si, TiCrN тәрізді наноқұрылымды материалдарды алу;
- ауысымалы наноқабаттардан тұратын көпқабатты жабындарды қолдану;
- мозаикалық катодтарды жоғары жылдамдықпен шашырату арқылы наноқұрылымды қабаттарды қалыптастыру;
- иондық сәулелерді пайдалану негізінде наноқұрылымдарды синтездеу.

Қазіргі уақытта жұқа қорғаныш қабаттарды алуда кеңінен қолданылатын технологиялардың бірі – PVD (Physical Vapor Deposition) әдісі. Бұл технология вакуумдық ортада жабын материалының булануы және оның субстрат бетіне конденсациялануы арқылы жұқа қабат қалыптастыруға негізделген. PVD процесінде жабын материалы (мысалы, титан немесе хром) вакуумда буланып, пайда болған атомдар мен молекулалар өңделетін беттің үстіне шөгіп, біркелкі пленка түзеді [7].

PVD әдісі металдардан, керамикалық материалдардан, шыны мен полимерлерден жасалған әртүрлі субстраттарға жұқа пленкалар түсіруге мүмкіндік береді. Қабат түсіру алдында субстрат беті мұқият майсыздандырылып, механикалық және химиялық жолмен тазартылады, қажет болған жағдайда термиялық өңдеуден немесе жылтыратудан өткізіледі. Дайындалған бөлшек вакуумдық камераға орналастырылып, онда қысым атмосфералық деңгейден едәуір төмендетіледі. Материалды буландыру үшін катодты шашырату, электронды-сәулелік немесе термиялық буландыру әдістері қолданылады. Буланған бөлшектер вакуумда қозғалып, кей жағдайларда азот немесе оттегі газдарымен әрекеттесе отырып, субстрат бетінде қалыңдығы шамамен 0,25–4 мкм аралығындағы жұқа және тығыз жабын түзеді. Қабат қалыптасқаннан кейін бөлшекке қосымша өңдеу, мысалы, бет сапасын жақсарту мақсатында жылтырату жүргізілуі мүмкін [8].

Жұқа қабаттар алудың тағы бір тиімді тәсілі – CVD (Chemical Vapor Deposition), яғни химиялық буландыру арқылы шөгінді қабат алу әдісі. Бұл технология газ тәрізді прекурсорларды пайдалану арқылы жоғары температура жағдайында субстрат бетінде қатты материал қабатын қалыптастыруға негізделген. Процесс арнайы камерада жүзеге асырылады, мұнда газ қоспалары қыздырылып, ыдырау нәтижесінде қажетті элементтер бөлініп шығады да, субстрат бетінде химиялық реакциялар арқылы біртекті қатты қабат түзеді [9].

CVD әдісі тозуға, коррозияға және химиялық әсерлерге төзімді жоғары сапалы жабындар алуға мүмкіндік береді. Құрамында қажетті элементтері бар газ прекурсорлары камераға беріліп, жоғары температура әсерінен ыдырайды, ал пайда болған атомдар субстрат бетінде бірігіп немесе реакцияға түсіп, қажетті жабын түзеді. Реакция нәтижесінде түзілген газ тәрізді қалдықтар камерадан шығарылып, арнайы тазарту жүйелері арқылы бейтараптандырылады. Бұл әдістің негізгі артықшылықтарына қабаттың жоғары біркелкілігі, күрделі геометриялық пішіндердің ішкі беттерін қоса жабу мүмкіндігі, сондай-ақ әртүрлі материалдық құрамдағы жабындарды алу мүмкіндігі жатады. Сонымен қатар CVD жабындары металл бөлшектерді агрессивті орта әсерінен тиімді қорғайды [10].

Наноқаптама алудың заманауи әдістерінің бірі – плазмалық-ионды бүрку, яғни жоғары энергиялы плазма көмегімен металл бетіне наноқабат енгізу технологиясы. Бұл процесс вакуумдық камерада жүргізіледі, онда жабын материалы буланып, плазмалық күйге өтеді. Электр өрісінің әсерінен жылдамдатылған иондар субстрат бетіне жоғары энергиямен соғылып, оның беткі атомдарымен берік химиялық және металлургиялық байланыстар түзеді. Нәтижесінде өте қатты, тығыз және тозуға төзімді қорғаныш қабат қалыптасады. Аталған әдіс бұрандалы сорап роторларының болат бетінде жұқа, бірақ жоғары беріктік пен тегістікке ие жабын алуға мүмкіндік береді [11].

Нәтижелер және талқылау. Жүргізілген талдау көрсеткендей, аталған технологиялар қолдану мақсаты мен қажетті эксплуатациялық талаптарға байланысты таңдалады. Плазмалық-ионды бүрку бұрандалы сорап қондырғыларының сенімділігін арттыруда ең тиімді наноқаптама әдістерінің бірі болып саналады, себебі ол ротор бетінің механикалық беріктігін күшейтіп, үйкеліс коэффициентін төмендетеді және коррозиялық әрі абразивтік тозуды айтарлықтай азайтады.

CVD технологиясын қолдану бұрандалы сорап роторларының тозуға төзімділігін, коррозияға қарсы тұрақтылығын және сыртқы орта әсеріне беріктігін арттырады. Ал PVD әдісі жабынның қаттылығын, тозуға төзімділігін және бет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Аталған технологияларды өндірісте енгізу экономикалық тұрғыдан тиімді болып табылады, себебі сораптардың істен шығуынан туындайтын тоқтап қалу уақыты мен жөндеу шығындары бірнеше есе қысқарады [12].

Зерттеу нәтижелері наноқаптамалар қолданылған роторларда үйкеліс коэффициенті 40–60% төмендейтінін, олардың қызмет ету мерзімі 2–3 есеге дейін артатынын және сораптардың жөндеуаралық пайдалану кезеңі орта есеппен 25–30% ұзарғанын көрсетті.

Жалпы алғанда, әлемдік тәжірибеде қолданылып жүрген наноқаптамалардың түрлері жыл сайын қарқынды түрде жетілдіріліп, олардың функционалдық мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, наноқаптамаларды өнеркәсіпте пайдалану әлі де жаңа әрі перспективалы технологиялық бағыттардың қатарына жатады [13].

Қорытынды. Зерттеу жұмысында бұрандалы сорап қондырғыларын пайдалану барысында өндірісте жиі кездесетін негізгі мәселелерді шешудің тиімді жолы ретінде наноқаптамаларды қолдану мүмкіндігі жан-жақты қарастырылды. Бұрандалы сораптардың роторлары мен статор беттеріне наноқаптамаларды енгізу Қазақстанның мұнай өндіру саласында ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз етумен қатар, технологиялық тәуелсіздікті арттыруға бағытталған стратегиялық маңызы бар шешімдердің бірі болып табылады. Алдағы кезеңде бұл технологияларды кең көлемде енгізу және оларды отандық ғылыми-зерттеу әлеуетімен үйлестіру басты мақсат ретінде айқындалады.

Алынған ғылыми және тәжірибелік нәтижелерге сүйене отырып, Қазақстанда бұрандалы сорап жабдықтарын жетілдіру бағытында төмендегі стратегиялық басымдықтарды белгілеуге болады:

Жергілікті наноқаптама орталықтарын дамыту – мұнай өндіру қарқынды жүргізілетін өңірлерде өндірістік және зертханалық инфрақұрылымды қалыптастыру;

Қаптама материалдарының номенклатурасын кеңейту – DLC, TiN, CrN, Al₂O₃ және көпқабатты гибриді жабындарды тәжірибелік сынақтан өткізу;

Жұмыс жағдайына бейімделген қаптамаларды жобалау – парафинге, тұзға және механикалық қоспаларға бай ұңғымалар үшін арнайы құрылымдық шешімдер әзірлеу;

Цифрлық мониторинг жүйелерін енгізу – бұрандалы сораптардың (PCP) негізгі жұмыс параметрлерін нақты уақыт режимінде бақылау және тозу үдерістерін болжау модельдерін жасау;

Ғылыми-өндірістік ынтымақтастықты нығайту – ұлттық зерттеу университеттері мен халықаралық инженерлік орталықтармен бірлескен ғылыми-техникалық жобаларды жүзеге асыру.

Аталған шараларды кешенді түрде іске асыру ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның мұнай-газ секторының технологиялық дербестігін арттыруға, бұрандалы сорап жабдықтарының сенімділігі мен пайдалану тиімділігін жоғарылатуға, сондай-ақ отандық ғылыми-техникалық әлеуетті жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Е.С. Көшекбаев, П.А. Танжариков, Н.С. Сулейменов. Штангалы бұрандалы сорапты қондырғылармен жабдықталған ұңғылардың жұмыс тиімділігін арттыру. Нефть и газ. – 2024. – №1(139) – 95-105 [E.S. Koshekbayev, P.A. Tanzharikov, N.S. Sulejmenov. Shtangaly burandaly sorapty qondyrgylarmen zhabdyktalghan ungylardyn zhumys tiimdiligin arttyru. Neft' i gaz. – 2024. – №1(139) – 95-105].
2. Gabisov R.R. et al. Elastomer degradation in screw pump stators under extreme thermal load // Oilfield Engineering. – 2017. p. 41-48
3. Сэнди Уильямс, Джей Ф. Ли. Винтовые насосные установки. Часть 2. – 2014, с. 3-5 [Sjendi Uil'jams, Dezhj F. Li. Vintovye nasosnye ustanovki. Chast' 2 – 2014, S. 3-5].
4. Валовский В.М. Винтовые насосы для добычи нефти: учебное пособие. 2012г. с. 248 [Valovskij V.M. Vintovye nasosy dlja dobychi nefti: uchebnoe posobie. 2012g. s 248].
5. Zhang, X., & Smith, J. Nanocoatings for Tribological Applications in Oil & Gas. Materials Today, 2020, p. 45–60.
6. Patel, R., et al. Diamond-Like Carbon (DLC) Coatings in Downhole Equipment: A Review. Tribology International, 2019, p. 213–230.
7. Holmberg K., Matthews A. Coatings Tribology: Properties, Techniques and Applications in Surface Engineering., Elsevier, 2009, p. 315-317.
8. Robertson J. Diamond-like amorphous carbon: structure, properties and applications // Materials Science and Engineering R. – 2002, Vol. 37. – p. 129–131.
9. Mattox D.M. Handbook of Physical Vapor Deposition (PVD) Technology. – Elsevier, 2010, p. 213-215.
10. Ohring M. Materials Science of Thin Films: Deposition and Structure, Academic Press, 2002, p. 257-260.
11. Smith, A., & Lee, K. Field Trials of TiN and CrN coatings on rotating shafts. Journal of Engineering Solutions, 2021, p. 102–118.
12. Veprek S., Argon A.S. "Mechanical properties of superhard coatings, Surface and Coatings Technology, 2002, p. 146-147, 175-182.
13. Fox-Rabinovich G., Totten G., Self-Organization During Friction: Advanced Surface Engineered Materials, CRC Press, 2006, p. 95-98.

ӘӨЖ 622.276.5:622.244.25

ДИАГНОСТИКАЛАУ АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТР ОРТАДАН ТЕПКІШ СОРАПТАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ КҮЙЛЕРІН БАҒАЛАУ

Н.Ә. ӘБІЛДАЕВ техника ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
ӘЛІМХАН Н.Н. білім алушы
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» ҚсАҚ
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы

Аннотация. В данной работе рассмотрены общие предпосылки для проведения процесса технического диагностирования, профилактики, технического обслуживания и ремонта ЭЦН. Существует целый перечень методических рекомендаций по проведению подобных операций. Во многих случаях они основаны на анализе информации, полученной из системы телеметрии. Средства диагностики кнопочных электроприборов отличаются от средств методов диагностики других устройств тем, что кнопочное оборудование имеет ряд технологических и эксплуатационных особенностей. Они различаются как по характеристикам измеряемым и анализируемым по структуре и составу систем диагностики, так же по результатам, используют большое количество методик определения и прогнозирования кнопочных электроприборов.

Ключевые слова. Техническое состояние, диагностика, измеряемые физические величины, отказы, техническое обслуживание.

Annotation. In this paper, the general prerequisites for carrying out the process of technical diagnostics, prevention, maintenance and repair of electronic control systems are considered. There is a whole list of methodological recommendations for conducting such operations. In many cases, they are based on the analysis of information received from the telemetry system. Diagnostic tools for push-button electrical appliances differ from diagnostic tools for other devices in that push-button equipment has a number of technological and operational features. They differ both in the characteristics measured and analyzed in the structure and composition of diagnostic systems, as well as in the results, and use a large number of methods for determining and predicting push-button electrical appliances.

Keywords. Technical condition, diagnostics, measurable physical quantities, failures, maintenance.

Сорап деп әртүрлі сұйықтарды айдауға арналған құрылғыны атайды. Олардың жұмыс жасау принципі құбыр бойымен сұйықтың орын ауыстыруына шығын жұмсаумен негізделеді. Сұйықты бір пунктен келесі пунктке дейін жеткізу үшін осы пункттерді қосатын құбырда жылжымайтын сорап орналасады. Сорап сұйыққа қозғалу үшін энергия береді, яғни бір жағынан сұйықты сорады және екінші жағынан сұйықты айдайды.

Сәйкесінше, сораптың жұмысын құбырға қосудан бөлек қарастыратын болсақ, онда оның жұмыс жасауы төмен қысым кеңістігінен жоғары қысым кеңістігіне сұйықтың орын ауыстыруына негізделген. Мұнай газ өңдеу өнеркәсібіндегі ортадан тепкіш сораптарды негізінен келесі топтарға бөлуге болады:

Суық – айдалып жатқан мұнай өнімдерінің температурасы 250°C-ға дейін

Ыстық – айдап жатқан өнімдердің температурасы 250°C-дан 400°C-ға дейін

Қышқыл және сілтілерді айдау

Мұнай газдары мен су айдауға арналған электр ортадан тепкіш сораптарға техникалық қызмет көрсету.

Бұл процедураның жиілігі көптеген факторларға байланысты, мысалы: тұтқырлық, қаттылық, айдалатын ортаның температурасы, қатты қоспалардың болуы, қосылған кернеудің сипаттамалары, қозғалтқыш түрі және т.б. бұл көбінесе жабдықтың жұмыс жағдайына байланысты: жабдық неғұрлым ауыр жағдайда жұмыс атқаратын болса, соғұрлым орталықтан тепкіш сорапқа қызмет көрсету қажет болады.

Егер бұл процедуралар уақтылы орындалса, орталықтан тепкіш сораптар істен шықпай, ұзағырақ жұмыс істейді. Бұл қосалқы бөлшектерді үнемдеуге мүмкіндік береді.

Келесі қадамдар сорапты агрегатқа тұрақты техникалық қызмет көрсету шеңберінде жүзеге асырылады (шамамен әр 700-750 сағат сайын)

- * Мойынтірек жинағындағы майды ауыстыру.
- * Май желілерін шайып шығу.
- * Машинаның дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз (қажет болса реттеңіз).
- * Картерді шайыңыз және оны бөгде заттардан тазалау.
- * Мойынтіректерді тексеріп, қажет болса оларды ауыстыру.
- * Тығыздағыштарды тексеру.
- * Муфталар мен арнайы тығыздағыштарды тексеру.
- * Қосылымдардағы гидравликалық қорғанысты үрлеңіз.

Ортадан тепкіш сорап 4300-4500 сағат жұмыс істеген кезде жоспарлы техникалық қызмет көрсету қажет. Бұл жағдайда келесі қадамдар орындалады.

- * Құрылғы толығымен бөлшектеледі.
- * Әрбір жеке компонент рұқсат етілген жұмыс параметрлеріне сәйкестігі тексеріледі.
- * Ротордың орнына тығыз орналасқанына көз жеткізу үшін тексеріледі. Ортадан тепкіш сорап жұмыс істеп тұрған кезде сұйық корпустан ағып кетпеуі керек.
- * Барлық бөлшектер сәйкестікке мұқият тексеріледі. Егер қандай да бір ақаулар анықталса, олар мамандандырылған жабдықты қолдана отырып, тапсырыс берушінің өз күшімен жойылады. Егер бұл мүмкін болмаса, бөлшектерді ауыстыру қажет болады.
- * Домалау мойынтіректерінің жалпы жағдайына қарамастан, олар ауыстырылуы керек.
- * Корпуста жарықтардың бар - жоғын тексеру үшін арнайы жабдық-дефектоскоп қолданылады.

Егер сорап-қозғалтқыш қондырғысы шамамен 25000 сағат жұмыс істесе немесе толығымен істен шықса, келесі қадамдар орындалады:

- * Ең алдымен білікті маман ортадан тепкіш сорапқа тұрақты техникалық қызмет көрсетуді, содан кейін жоспарлы жөндеуді ұйымдастыру қажет.
- * Осыдан кейін арнайы құралдарды қолдана отырып, барлық қозғалатын бөліктер мен әртүрлі компоненттерге мұқият диагноз қойылады.
- * Егер қандай да бір бөлшек рұқсат етілген нормадан жоғары тозған болса, оны ауыстыру қажет.

Сорап қондырғысын бөлшектеп содан кейін блоктың негізгі тақтасындағы орындарды қолайлы деңгейге дейін жөндеу, тегістеу және нығайту қажет. Қажет болған жағдайда бекіту орындары қайта бұрғыланады. Содан кейін сорап жиналып іске қосылады. Құрылғы максималды рұқсат етілген қысымнан шамамен 0,5 МПа жоғары жүктелуі керек. Егер бәрі жақсы болса, күрделі жөндеу аяқталған болады.

Айта кету керек, ортадан тепкіш сорап агрегаттарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстар электр қуаты мен объектідегі дренаж жүйесі ажыратылғаннан кейін ғана жүргізілуі керек. Барлық процедуралар құрылғыны орнату орнында орындалады, ал компоненттер мамандандырылған кәсіпорында қалпына келтіріледі.

Сорап жақсы жұмыс істеп тұрса да, белгіленген техникалық қызмет көрсету аралықтарын сақтау қажет. Мұны техникалық қызмет көрсету бөлімі сорап түрінің дизайны туралы жеткілікті білімі болған жағдайда жасай алады. Сондықтан, егер инженерлердің құзыреттілігіне күмән туындаса, бұл жұмысты жеткізушіге немесе осы жұмыс түріне мамандандырылған компанияға тапсырған дұрыс.

Жабдықты тексеру барлық тозатын бөліктердің диагностикасын қамтуы керек: жетек жүйелері, мойынтіректер және тығыздағыштар. Дәл осы соңғы фактор сораптардың ақауларының көпшілігінің себебі болып табылады.



Сурет 1. Диагностикалау жұмысы

Тұрақты тексерулерге балама-диагностикалық жабдықты қолдана отырып, сенсорлық көрсеткіштермен немесе тұрақты өлшемдермен сорапты үнемі бақылайды. Бұл өлшемдер көбінесе үш шаманы қамтиды: діріл, температура және ультрадыбыстық. Діріл өлшегішті тікелей сорапқа орнатуға болады және діріл жиілігін, жылдамдығын және қозғалысын үздіксіз басқара алады және оларды номиналды мәндермен салыстыра алады. Діріл қозғалатын бөліктердің, әсіресе ротордың және домалау мойын тіректерінің күйі туралы түсінік береді, ал тіркелген ауытқулар осы бөліктердің тозуы туралы нақты түсінік береді.

Жылу камерасы арқылы температураны өлшеу ұқсас функцияны орындайды. Температураның жергілікті көтерілуіне байланысты бұл компоненттің тозуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі ықтималдығы жоғары. Мұны ультрадыбыстық құралмен тексерген кезде сигнал деңгейінің басқа нүктелерден айырмашылығы да көрсетеді. Сонымен қатар, ультрадыбысты кавитация құбылыстарын диагностикалау үшін қолдануға болады: жарылған ауа көпіршіктері құрылғымен оңай анықталатын ерекше дыбыс шығарады.

Жүйедегі қысым сенсоры сораптың күйі туралы жалпы ақпарат береді. Қысымды үнемі бақылап отыру арқылы ол болашақ өлшеулер үшін сілтеме ретінде қызмет ететін анықтамалық мәнді қамтамасыз етеді.

Электр ортадан тепкіш сорапты қондырғыларды (ЭОТСК) техникалық диагностикалау мен жөнделуінің алдын-алудың үдерісін жүргізудің жалпы алғы шарттары жоқ, алайда бұл секілді операцияларды жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстардың бүтін тізімі бар. Көптеген жағдайларда олар телеметрия жүйесінен алынған ақпаратты талдауға негізделген. Батырмалы электржабдықтарды диагностикалаудың әдістерімен құралдары басқа құрылғыларды диагностикалау әдістерімен құралдарынан ерекшеленеді, себебі батырмалы жабдықтар жоғарыда көрсетілген бірқатар технологиялық және пайдалану ерекшеліктеріне ие. Олар диагностикалау жүйелерінің құрылымы мен құрамы бойынша өлшенетін және талданатын сипаттамалар бойынша да ажыратылады және де, нәтижесі ретінде, батырмалы электржабдықтарының техникалық күйін анықтау мен болжаудың үлкен көптеген әдістемелері қолданылады.

Техникалық күйді диагностикалау критерийлері деп бақылау жүйесімен өлшенетін физикалық шамалар, олар батырмалы электржабдықтардың техникалық күйін талдау үшін пайдаланылады. Электр ортадан тепкіш сорапты қондырғыларға қатысты алғанда, диагностикалау объектісі динамикалық типтегі қалақтық сорап болып табылады, бұл типтегі жабдықтардың техникалық күйін келесідей сипаттамалар бойынша бағаланылуы мүмкін:

- құрастырылым тораптарының дірілі;
- корпус температурасы;
- электрлік сипаттамалар (ток,кернеу, ПЭК, және т.б.)

Техникалық диагностикалау үдерісін әртүрлі іске асырулар бар, оларды қолданылатын зерттеу әдістеріне тәуелді түрде келесідей топтарға жіктеуге болады:

-пайдалану сипаттамаларын және белгінің амплитудалық-жиіліктік сипаттамаларын талдауды тіркеу әдістері;

-нейрондық желілерді, анық емес логиканы, детерминерленген ретсіздікті қолдану;

-ықтималдық-статистикалық әдістер.

Фролов С.В., Алиев Т.М. [1] жұмыстарында мұнайкәсіпшілік жабдықтарды пайдалану сипаттамаларынан істен шығуға дейін жұмыс істеудің регрессиялық тәуелділіктерін салу жолымен жабдықтардың істен шықпай жұмысын болжауды қамтамасыз ету сұрақтары қарастырылған. Жұмыста, электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылардың істен шығуға дейінгі жұмысы, қондырғының құрастырылымдық ерекшеліктерімен, пайдалану шарттарымен(ұңғыманың геологиялық құрылымымен жұмыс режимі, қабаттың коллекторлық қасиеттері мен термодинамикалық қасиеттері, мұнай құрамы, климаттық шарттар және т.с.с.) анықталатындығы көрсетілді. Автор мұнайкәсіпшілік жабдықтарды пайдалану жөнінде қорытынды жасайды, қондырғыға әсер ететін берілген шамалар, стохастикалық сипатқа ие, бұл өз кезегінде электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылардың істен шығуға дейінгі жұмысын кездейсоқ шама деп сипаттайды. Ұсынылған әдістеме келесідей тұжырымдарды басшылыққа ала отырып қалыптасады: кез келген жабдық пайдалануын белгілі бір шарттарына есептеледі(механикалық қоспалар, ілу тереңдігі, қабат сұйықтығының сулануы және т.с.с.)

Бұл шарттар оларды күнделіктің бірнеше категориясына болумен келесідей жинақтап қорытылады, ұңғыманың сипаттамаларының жиынтығы бойынша, осы ұңғымада берілген қондырғыны қолдануға мақсатқа лайықты бола ма әлде жоқ па. Әдісті іске асыру төменде келтірілген: Электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылар істен шығуға дейін жұмысына аспалы түйірлердің мөлшері (АТМ), қанығу қысымы мен ұңғыма оқпанының қысықтығы, қабаттағы қысым әсер ететін ұңғыманың факторлар тізімі(сипаттамалары) қабылданады.(мамандар тәжірибесі мен регрессиялық талдауға негізделі отырып). «Айып баллдары» деп аталатын енгізіледі және бұл баллдардың санының таңдалған сипаттамалардың мәнінен тәуелділігі анықталады. Мысалы, Моос бойынша техникалық қоспалардың қаттылығы үшін <5 мәні кезінде «айып баллдарының» қосындысы 0 тең, 5 аса - «айып баллдарының» қосындысы әрбір бөлек жағдайда жекеше анықталатын коэффициенттермен сызықтық тәуелділік бойынша анықталады. Мамандар тәжірибесі негізінде ұңғыманың белгілі бір күрделілік категориясын беретін «айып баллдарының» қосындысы анықталады. Әрі қарай бұл сипаттамалардың категориялықты жалпы бағалау кезіндегі салмақтылығы (маңыздылығы) анықталады. Бұл мәндер әрі қарай жаңа статистикалық мәліметтерді алу үдерісінде түзетіледі. Ұңғыманың күрделілік категориясын анықтау кезінде неғұрлым сипаттамалар көп қатысқан сайын, нәтижесінің ақиқаттығы соғырлым жоғары болатындығы заңды. Әдістің ыңғайлығы келесіде, таңдалған сипаттамалардың барлық мәндерін білу міндетті емес, олардың саны сарапшылардың көпшілігінің пікірі бойынша шамамен 20 болуы мүмкін. Салмақтылықтың таралуы арқасында белгілі бір берілгендердің жоқ болуы кезінде нәтиженің ақиқаттығының қаншалықты кемитіндігін анықтауға болады және, сәйкес түрде онша маңызды еместерді есепке алмауға болады. Әрі қарай, сораптың әрбір типтік өлшемі үшін ұңғымалар категориясы бойынша істен шығу статистикасы алынады. Мысалы, Батыс Сібірдің кенорындарының бірі үшін ЭҚНМА 5-50-1200 типті сораптары үшін 1-ші категория ұңғымалары үшін жұмыс істеу 520 тәулік, 2-ші категория үшін сораптың осы типі үшін – 490 тәулік және т.с.с.

Диагностикалаудың ұсынылған әдістемесінде электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылар тораптары мен агрегаттарының нақты техникалық күйін есепке алу мүмкін емес және, салдары ретінде, жорамалдаудың қалыптасуы жақын шарттарда қондырғыларды пайдаланудың ұқсастығына негізделген бағалау сипатына ие.

Сондай-ақ ЭОТСҚ қалдықты қорын бағалау мәселесін шешудің ықтималдық-статистикалық амалы авторлар Смирнов Н.И., Горланов С.Ф. [2,3] жұмыстарында қолданыс тапты, жүргізудің ұсынылған әдістемесі электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылар қорын есепті-тәжірибелік бағалауға, динамиканы математикалық модельдеуде және тәжірибелік анықталатын тұрақтыларға негізделеді. Осы әдіспен сәйкестікте тозуға төзімділік қоры критерийі бойынша, мысалы, ортадан тепкіш сорапта мультипликативті тәуелділіктен анықталады. Ол сорап динамикасы мен жұмыс сатысының тозуының жылдамдығын сипаттайтын құрастырылымдық-технологиялық факторды

қосады. Бірінші фактор есептеуден, екіншісі тәжірибелік жолмен сынақтардың жасалған әдістері негізінде анықталады. Ұңғымаларды және жабдықтарды сұрыптау негізінде электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылар тетіктерінің қирауының механизмдері талданған және жіктелген, және де олардың негізгілері бөлек көрсетілген: абразивті, коррозиялық-эрозиялық тозу, фреттинг тозу, шаршап қирау үдерістері. Екінші маңызды момент қоранықтаушы тетіктер мен тораптарды анықтауға келіп тіреледі, яғни, қондырғының сенімділігі мен қорына ең үлкен дәрежеде әсер ететін механикалық жүйе элементтерін.

Сынақтардың ұсынылған әдісі төмендегілерден тұрады: сынақтар әдістемесінен, ол сынақтарды өткізу мен режимдерінің ретін, зерттеу объектілерінің жұмысқа жарамдылығының критерийлерін анықтайды, және сынақ тақтасы, ол зерттеу объектілігінің нақты сипаттамаларға кинематикалық және динамикалық ұқсастығын, сынақтар шарттарын, нәтижелердің көрсетілуі мен дәлдігін қамтамасыз етеді. Авторлармен жүргізілген сынақтар негізінде пайдаланудан кейінгі жабдықтардың техникалық күйін бағалау (істен шығу жіктеуші) үшін әдістемелік нұсқаулар және электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылар техникалық күйін анықтау кезіндегі тозуды өлшеу бойынша әдістемелік нұсқаулар жасалған.

Іс жүзінде, авторлармен алынған нәтижелерді [4], пайдаланудың нақты шарттары және пайдаланылатын жабдықтар үшін пайдаланудың технологиялық және геологиялық факторларының жиынтығының әсерін есепке алуды қамтамасыз ету үшін дәлелдеу қажет. Ұсынылған әдістемені жақын шарттарда пайдаланылатын электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылар фондысының қорын орташаланған бағалау үшін қолдануға болады және қондырғыны пайдалану жедел диагностикалау үшін онша қолданыла алмайды.

Понамарев Р.Н., Перельман О.М., Ишмурзин А.А. [5] тарихи берілгендерді бағалауды жүргізу кезіндегі электр ортадан тепкіш сораптардың қондырғыларының істен шығу себептері талданған болатын. Жүргізілген талдаудың мақсаты істен шығудың бұл секілді пайда болуының тәуелділігін және ұңғымадағы жұмыс уақытын анықтау болып табылады. Авторлар жұмысына сәйкес, жұмыс уақытының көрсеткіші істен шығудың пайда болуының сипатын алдын-ала анықтау мүмкіндігін береді демек, оларды жою бойынша іс-шараларды жасайды.

Жүргізілген жұмыс шегінде авторлармен электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылар апаттық істен шығуларының таралу функциялары алынды, олар қарастырылып отырылған үдерістің толық сипаттамасын - интегралдық көрсеткіш береді. Істен шығудың себебі болып табылатын басым физикалық үдеріс ретінде авторлармен иіюші(бұраушы) момент анықталды, яғни сырықты(болтты) (ЭОТСҚ түйіндерінің фланецтік қосылыстарын) орталықтан емес жүктеу кезінде иілу кернеуі көпретті өседі. Мысалы, иілу бұрышының кішкене шамаларында болт қимасындағы кернеу иілуісіз созатын кернеуге қатысты алғанда 7,5 рет еселі өседі. Егер де бұл үдеріс 10Гц шамасындағы жиілікпен көпретті қайталанса, онда электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылар жабдықтарының апаттарының көпшілігінің себебі иілу шаршауы болып табылатындығына көз жеткізеді. Жоғарыда баяндалғаннан басқа жұмыста, жұмыс істеуінің кішкене мәндеріндегі электр ортадан тепкіш сорапты қондырғылар қондырғыларының түпке ұшуы, сондай-ақ сораптық-компрессорлық құбырлардың бағанасының ұшуы, олар әдетте геологиялық-техникалық іс-шаралардан соң орын алады. Бұл секілді істен шығудың себептері жұмыс органдарының, негізінен қабатты гидравликалық айырудан кейінгі пропантпен бітелуінен сораптардың бастапқыдан жоғарытылған дірілі болып табылады[6,7].

Қорытынды. Жоғарыда баяндалған жұмыста электр ортадан тепкіш сораптар қондырғыларына жүргізілетін диагностикалау жұмыстары арқылы сораптардың істен шығуының себептерінің талдауы жүргізілді. Табылған нәтижелерді пайдалану үдерісінде ЭОТСҚ техникалық диагностикалау мәселесін шешуге қолданыла алуын едәуір дәрежеде талдау әдістемесі шектейді, яғни істен шығулардың жұмыс істеуден таралуы тәуелділігін анықтау, себебі берілген көрсеткіш жалпы қолданылатын болып табылмайды және кен орнының сипаттамаларына, ерекшеліктеріне байланысты өзгереді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кабылдин К.М. “ҚазМұнайГаз”: ставка на развитие инновационных технологий в нефтегазовой сфере, Нефть и Газ – Алматы, 2011

2. Дроздов А.Н., Вербицкий В.С., Деньгаев А.В. Реанимация для «безнадежных». Новые технологии эксплуатации скважин погружными насосами в осложненных условиях//Нефтегазовая вертикаль. – 2006. – № 12. – С. 40-41.
3. Кореляков Л.В. Формирование целей и технология ускорения научно-технического прогресса в нефтеперерабатывающей и нефтехимической промышленности.-М.: 1986.
4. Карпова С.В. Инновационная активность компаний нефтегазового комплекса // Нефть, газ и бизнес. – 2009. - №66.
5. Калашникова Т.В. Роль новых технологий в мировом нефтегазовом бизнесе // Нефть, газ и бизнес. - 2007. - №5
6. Т. К. Ахмеджанов, А. Т. Қартабай, Б. Т. Ақашев. Мұнай және газ өндіру техникасы мен технологиясы: Оқулық/– Алматы: ЖСШРПБК «Дәуір», 2011. – 464 бет.
7. Доманский И. В., Некрасов В. А. Насосы и компрессорные машины. Учебное пособие для вузов. 2022. -104 с.
8. Официальный сайт нефтяной компании «ПетроКазахстан»: <http://www.petrokazakhstan.kz>

ШТАНГІЛІ ТЕРЕҢ СОРАПТЫ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫҢ ТОЗУЫН АЗАЙТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Ф.Н. ӘШІМБЕКОВА

**«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы**

***Аңдатпа:** Бұл мақалада мұнай өндіру саласында кеңінен қолданылатын штангілі терең сорапты қондырғылардың (ШТСҚ) негізгі тозу механизмдерін анықтау және оларды азайтудың тиімді технологиялық шешімдерін әзірлеу мәселесі қарастырылды. Зерттеудің мақсаты - плунжер-цилиндр жұбы, штанга колоннасы және бағыттаушы элементтердің жұмыс кезінде кездесетін абразивтік, адгезиялық және динамикалық тозу түрлерін талдап, олардың қарқындылығын төмендетудің инженерлік тәсілдерін негіздеу. Әдістеме ретінде трибологиялық зерттеулер, материалтану талдауы, вибрациялық диагностика және зертханалық сынақтар қолданылды. Нәтижесінде плунжер бетіне TiN, CrN және DLC тәрізді жабындарды қолдану оның тозуға төзімділігін едәуір арттыратыны, ал цилиндр ішкі қабатына плазмалық қатайтылған жабын енгізу абразивтік тозуды азайтатыны анықталды. Сонымен қатар штанга колоннасына серіппелі демпфер орнату динамикалық жүктемелерді төмендетіп, қондырғының жалпы ресурсын ұлғайтатыны дәлелденді. Ұсынылған технологиялық және конструкциялық жетілдірулер ШТСҚ элементтерінің қызмет ету мерзімін 15-25%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері мұнай кәсіпшіліктеріндегі механикаландырылған көтеру жүйелерінің сенімділігін арттыруға бағытталған.*

***Түйін сөздер:** штангілі терең сорап; тозу; плунжер-цилиндр жұбы; трибология; қондырғының сенімділігі*

***Аннотация:** В статье рассматриваются вопросы повышения долговечности элементов глубоких штанговых насосных установок (ШСНУ) за счет снижения износа плунжерно-цилиндровых узлов. Исследование выполнено в рамках специальности «Технологические машины и оборудование». Объектом исследования являются плунжерно-цилиндровые пары ШСНУ, а предметом - методы уменьшения их износа. Основная цель работы - разработка и обоснование мероприятий по снижению износа и улучшению эксплуатационных характеристик оборудования.*

В процессе исследования применялись трибологические испытания, микроструктурный анализ, динамические расчеты и вибрационные измерения. В работе проанализированы различные покрытия (TiN, CrN, DLC), выявлено влияние конструкционных изменений на амплитуду вибраций и стойкость плунжера. Результаты показывают, что использование DLC-покрытий и оптимизация конструктивных элементов приводит к снижению коэффициента трения до 0,08 и уменьшению износа на 40%, а вибрационная нагрузка снижается на 36%.

Практическая значимость исследования заключается в возможности увеличения срока службы плунжеров, снижения затрат на техническое обслуживание и повышения надежности

насосных установок. Полученные данные могут быть использованы для совершенствования конструкций глубинных штанговых насосов и разработки рекомендаций по их эксплуатации.

Ключевые слова: штанговый глубинный насос; износ; пара плунжер-цилиндр; трибология; надежность оборудования.

Annotation: This article examines the main wear mechanisms of rod pumping units (RPUs), which are widely used in the oil production industry, and proposes effective technological solutions to reduce this wear. The aim of the study is to analyze the abrasive, adhesive, and dynamic types of wear occurring in the plunger–cylinder pair, the rod string, and guiding components during operation, and to justify engineering approaches for reducing their intensity. The methodology included tribological studies, materials science analysis, vibration diagnostics, and laboratory tests. The results show that applying coatings such as TiN, CrN, and DLC on the plunger surface significantly increases its wear resistance, while introducing a plasma-hardened coating on the inner surface of the cylinder reduces abrasive wear. Additionally, installing a spring damper on the rod string decreases dynamic loads and extends the overall service life of the equipment. The proposed technological and structural improvements make it possible to increase the service life of RPU components by 15-25%. The findings contribute to enhancing the reliability of mechanized lifting systems in oil field operations.

Keywords: rod pumping unit; wear; plunger-cylinder pair; tribology; equipment reliability.

Кіріспе.

Штангілі терең сорапты қондырғылар (ШТСҚ) – мұнай өнеркәсібінде ең кең қолданылатын механикаландырылған көтеру жүйелерінің бірі болып табылады. Олардың қарапайым құрылымына қарамастан, тереңдігі жоғары және күрделі геологиялық жағдайларда ұзақ мерзімді сенімді жұмыс жасау талаптары артып келеді. Соңғы жылдары кен орындарының тереңдігі ұлғайып, қабат қысымы төмендеп, қоршаған ортаның абразивті кәсері күшейген сайын ШТСҚ элементтерінің тозуы да айтарлықтай артауда. Бұл мәселелер штанга колоннасының қажалуына, плунжер-цилиндр жұбының үйкелістен бұзылуына, бағыттаушы элементтердің тез тозуына және қондырғының жалпы сенімділігінің төмендеуіне әкеледі. Осыған байланысты зерттеудің өзектілігі жоғары деңгейде. Мұнай өндірудің тиімділігі мен сенімділігін арттыру үшін ШТСҚ-ның жұмыс ресурсын ұзарту, техникалық қызмет көрсету аралығын оңтайландыру және өндірістік шығындарды азайту міндеті тұр.

Штангілі терең сорапты қондырғылардың конструкциясы бірнеше негізгі элементтен тұрады: плунжер-цилиндржұбы, штанга колоннасы, бағыттаушы муфталар, майлау жүйесі және электромеханикалық көтергіш құрылғылар. Әрбір элемент қондырғының жұмыс сенімділігіне тікелей әсер етеді. Плунжер–цилиндр жұбы негізгі үйкеліс күшіне ұшырап, абразивтік және адгезиялық тозуға бейім. Штанга колоннасы динамикалық жүктемелерге, вибрациялық әсерлерге және осьтік ауытқуларға ұшырап, механикалық қажалуға сезімтал. Бағыттаушы муфталар үйкеліс пен центровкалау функцияларын атқара отырып, жүйенің жалпы сенімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар майлау жүйесінің тұрақтылығы, майлау қалыңдығы және сапасы да тозу қарқынына айтарлықтай әсер етеді. Бұл факторлардың барлығы кешенді түрде зерттеуді қажет етеді, себебі тек бір элементтің жетілдірілуі қондырғының толық сенімділігін қамтамасыз ете алмайды.

Мұнай өндіру саласындағы соңғы зерттеулер көрсеткендей, ШТСҚ-ның жұмыс істемеу себептерінің шамамен 60%-ға жуығы тозу және үйкеліс процестерімен байланысты. Бұл статистика қондырғыны жөндеу немесе ауыстыру шығындарының артуына, өндіріс көлемінің төмендеуіне және эксплуатациялық сенімділіктің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан ШТСҚ элементтерінің тозуын азайтудың тиімді жолдарын зерттеу – теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды ғылыми мәселе болып отыр.

Бұл зерттеудің объектісі – мұнай өндіруде кеңінен қолданылатын штангілі терең сорапты қондырғы, ал пәні - плунжер-цилиндржұбы, штанга колоннасы және бағыттаушы элементтердегі тозу процестерімен оларды азайтудың технологиялық және конструкциялық тәсілдері. Зерттеу мақсаты – ШТСҚ элементтерінде байқалатын негізгі тозу механизмдерін ғылыми тұрғыдан талдап, олардың қарқындылығын төмендетуге бағытталған тиімді инженерлік және технологиялық шешімдерді ұсыну. Осы мақсат аясында абразивтік, адгезиялық, коррозиялық және эрозиялық тозу түрлерін анықтау, плунжер-цилиндржұбы мен штанга колоннасына әсер ететін динамикалық және статикалық жүктемелерді бағалау, трибологиялық және материалтану зерттеулерін жүргізу, тозуға төзімді жаңа материалдармен жабындардың тиімділігін анықтау, сондай-ақ конструкциялық

жетілдірулер арқылы үйкеліспен динамикалық күштерді азайту жолдарын негіздеу міндеттері айқындалды.

Зерттеу барысында трибологиялық сынақтар арқылы материалдардың үйкеліс коэффициенті, тозу қарқыны және беріктігі анықталды; вибрациялық диагностика арқылы штанг аколоннасына әсер ететін динамикалық күштер мен тербелістер бағаланды; материалтану талдауы металдардың құрамын, қаттылығын, бет құрылымы мен микроқұрылымын зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар плунжер мен цилиндр бетіне қолданылған түрлі қорғаныс жабындарының тиімділігі эксперименттік сынақтар мен инженерлік есептер арқылы дәлелденді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – ШТСҚ элементтерінің тозуын азайту үшін материалдық-жабындық технологияларды, динамикалық жүктемені төмендететін конструкциялық өзгерістерді және үйкеліс жағдайын оңтайландыруды кешенді түрде қолдану ұсынылуында. Мұндай тәсіл қондырғының қызмет ету мерзімін едәуір ұзартуға, жөндеу аралық кезеңдерді көбейтуге және өндірістік шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Тақырыптың практикалық маңызы мұнай кәсіпшіліктеріндегі механикаландырылған көтеру жүйелерінің сенімділігін арттырумен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері бойынша қондырғының ресурсы 15-25%-ға дейін артады, жөндеу аралықтары ұзарады, техникалық қызмет көрсету тиімділігі жоғарылайды, жалпы эксплуатациялық шығындар азаяды және өндірістің сенімділігі арттырылады.

Бұл жұмыстың теориялық үлесі трибология, материалтану және механикалық инженерия салаларына қосымша білім беру мен қатар, практикалық нәтижелері ШТСҚ конструкциясын жетілдіру, оның элементтерін дұрыс таңдау және өндірістік жағдайларға бейімдеу үшін қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеу плунжер-цилиндр жұбының үйкеліс пен абразивтік тозуға төзімділігін арттыру, штанга колоннасындағы динамикалық жүктемелерді азайту, бағыттаушы муфталар мен майлау жүйесінің тиімділігін күшейту, жабындар мен материалдарды оңтайлы таңдау арқылы тозуды баяулату және қондырғының жалпы сенімділігін арттыруға бағытталған конструкциялық шешімдерді енгізу мәселелерін кешенді түрде қамтиды. Алынған нәтижелер ШТСҚ-ның ұзақ мерзімді әрі сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, мұнай өндіру тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми әрі тәжірибелік негіз ұсынады.


Зерттеуде қарастырылған негізгі объект – мұнай өндіруде қолданылатын штангілі терең сорапты қондырғы (ШТСҚ). Оның құрамына плунжер-цилиндр жұбы, штанга колоннасы, бағыттаушы муфталар, майлау жүйесі және көтергіш механизм кіреді. Бұл элементтердің әрқайсысы қондырғының жалпы сенімділігіне тікелей әсер ететіндіктен, олардың тозу процесін кешенді түрде зерттеу зерттеудің маңызды бөлігін құрайды. Плунжер–цилиндр жұбына арналған материалдар ретінде көміртекті және легіріленген болаттар таңдалып, олардың қаттылығы, беріктігі, абразивтік тозуға төзімділігі, бет құрылымы мен термиялық өңдеуге бейімділігі ескерілді. Негізгі материалдар қатарына HRC 45-50 қаттылықтағы көміртекті 45 болаты, жоғары абразивтік және динамикалық жүктемелерге төзімділігі мен ерекшеленетін 40 ХН легіріленген болаты жатады. Сонымен қатар плунжер мен цилиндрдің тозуын азайту үшін TiN, CrN және DLC сияқты беткі жабындар қолданылды. Штанга колоннасы үшін жоғары беріктікті 35 ГС және 40 Х болаттары пайдаланылды, олардың қаттылығы HRC 40-50 аралығында болып келеді, ал серіппелі және демпферлік элементтерді жасау үшін полиуретан және эластомерлік материалдар қолданылды. Бағыттаушы муфталар жоғары тозуға төзімді легіріленген болаттан дайындалып, үйкелісті төмендету мақсатында графитті қоспалармен модификацияланды. Майлау жүйесінде индустриялық минералды майлар және тефлон қоспалары бар композициялы майлау материалдары қолданылып, плунжер-цилиндр жұбының үйкелісін азайтуға және динамикалық жүктемелерді төмендетуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында үйкеліс коэффициенті мен тозу қарқынын анықтау үшін «Т-01» трибометрі, штанга колоннасындағы тербелістерді өлшеу үшін «VibraPro 2000» виброметрі, цилиндр мен плунжердің микро құрылымын талдау үшін «Olympus BX53» оптикалық микроскопы, металдардың қаттылығын өлшеу үшін «Rockwell HR-150» твердомері қолданылды. Беткі жабындарды жасау үшін плазмалық жабу құрылғысы пайдаланылып, тәжірибелік сынақтар әртүрлі материалдардан жасалған стандартты цилиндрлер мен плунжерлерде жүргізілді. Зерттеу материалдарының толық сипаттамасы 1-кестеде көрсетіліп, онда әр элементтің материалы, қаттылығы, өңдеу түрі және қолданылу ерекшеліктері берілген.


Кесте 1. Зерттеуге қолданылған ШТСҚ элементтері мен материалдары

Элемент	Материал	Қаттылығы (HRC)	Беткі өңдеу	Қолдану ерекшелігі
Плунжер	45, 40ХН	45–50	TiN, CrN, DLC	Абразивтік және адгезиялық тозуға қарсы
Цилиндр	45, 40ХН	40–48	DLC, CrN	Плунжермен жұптасу
Штанга колоннасы	35ГС, 40Х	40–50	-	Динамикалық жүктемелерге төзімді
Бағыттаушы муфта	Легіріленген болат + графит	38–45	-	Үйкеліс пен центровка
Майлау композициясы	Минералды май + тефлон	-	-	Үйкелісті азайту

Суреттер мәтінде сипатталғаннан кейін орналастырылады. Мысалы:



Сурет 1. Плунжер-цилиндр жұбының құрылымы және өлшемдері



Сурет 2. Штанга колоннасы мен бағыттаушы муфталардың схемасы

Қазіргі заманда шығармашылық идеялар мен инновациялар кез келген салада даму мен жетістіктің негізгі қозғаушы күшіне айналууда. Жасанды интеллект (ЖИ) және ақылды технологиялар дәуірінде инновациялық шешімдер табиғатты қорғау, білім беру, медицина, экология сияқты маңызды салаларда жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл эсседе шығармашылық идеялардың экология саласындағы қолдану мүмкіндіктері мен олардың нәтижелері қарастырылады. ЖИ-дің табиғатты қорғаудағы шығармашылық қолдану мысалдарының бірі – биоалуантүрлілікті сақтау. Массачусетс технологиялық институтының ғалымдары ормандар мен қорықтарды қорғау үшін дрондар мен ЖИ алгоритмдерін қолданатын ерекше жүйе ойлап тапты. Бұл технология ормандардағы жануарлардың қозғалысын бақылап, браконьерліктің алдын алуға мүмкіндік береді. Мұндай идеялар табиғатты қорғаудағы жаңа тәсілдерді ұсынады. Ақылды қалалар – шығармашылық инновациялардың тағы бір айқын мысалы. Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында ақылды технологиялар экологиялық таза көлік жүйесін дамытуда қолданылады. Электр көліктері мен қоғамдық көліктердің қозғалысын басқаруда ЖИ алгоритмдері пайдаланылып, ауа ластануын азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, Сеулде ақылды қоқыс жәшіктері енгізіліп, қалдықтарды қайта өңдеу деңгейі айтарлықтай артты. Бұл жобалар экология саласындағы инновациялық шешімдердің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Инновациялардың тағы бір маңызды бағыты – баламалы энергия көздерін қолдану. Жапониядағы Кюсю университетінің зерттеушілері күн энергиясын жинақтау тиімділігін арттыратын ЖИ негізінде жұмыс істейтін жүйелерді әзірледі. Мұндай жобалар энергия үнемдеу мәселесін шешуге ғана емес, экологиялық таза энергия көздерін кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Шығармашылық идеяларды дамытуда жастардың рөлі ерекше. Студенттер мен мектеп оқушылары арасында экологияға бағытталған жобалар бойынша түрлі байқаулар өткізу арқылы экологиялық сананы қалыптастыруға болады. Мысалы, «Таза қала – болашақ кепілі» атты экологиялық байқауда жас өнертапқыштар ақылды технологияларды пайдаланып, қалдықтарды қайта өңдеу жүйелерін дамытуға өз идеяларын ұсынды. Мұндай іс-шаралар шығармашылық ойлау қабілетін арттырып, жастарды табиғатты қорғауға ынталандырады. Алайда, инновацияларды дамытуда қиындықтар да бар. Жаңа технологияларды енгізу үшін қаржы, техникалық инфрақұрылым және кадрлық ресурстар қажет. Гарвард университетінің профессоры Джонатан Коэн инновацияларды тиімді енгізу үшін мемлекет пен жеке сектордың тығыз ынтымақтастығын атап көрсетеді.

Қорыта келгенде, жасанды интеллект және ақылды технологиялар қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі – экология саласындағы маңызды құралға айналууда. Олар табиғатты қорғау, ресурстарды үнемдеу, экологиялық апаттардың алдын алу сияқты міндеттерді тиімді шешуге көмектеседі. ЖИ-дің көмегімен ауа сапасын бақылау, қалдықтарды өңдеу, биоалуантүрлілікті сақтау, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану мүмкіндігі артып келеді. Бұл технологиялар адамзаттың экологияға деген жауапкершілігін арттыруға және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуде. Алайда, ЖИ технологияларының артықшылықтарымен қатар, оның қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерлерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Энергияны көп тұтыну, электронды қалдықтардың көбеюі және технологиялық теңсіздік сияқты мәселелер ЖИ-ді экологиялық тұрғыдан тиімді қолдануды талап етеді. Сондықтан, ЖИ-ді дамытуда оның экологиялық ізіне ерекше назар аударып, жауапты технологиялық шешімдерді іздеу маңызды. Болашақта жасанды интеллект пен инновациялық технологияларды экология саласында қолдану кеңейе түсетіні анық. Бұл процесс ғалымдар, инженерлер, саясаткерлер және қоғам өкілдерінің бірлескен күш-жігерін қажет етеді. Тек осындай ынтымақтастық арқылы ғана адамзат пен табиғат

арасындағы тепе-теңдікті сақтап, болашақ ұрпаққа экологиялық тұрғыдан тұрақты әлем қалдыра аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Abid, A., Farooqi, M., & Zou, J. (2021). Persistent anti-Muslim bias in large language models. *Nature Machine Intelligence*, 3(6), 476–486.
2. Batarseh, F. A., Yang, R., & Chang, J. (2021). *Artificial Intelligence for Sustainable Development: Theory, Practice and Future Applications*. Springer.
3. Cohen, J., & Sundararajan, A. (2020). The Impact of Artificial Intelligence on Environmental Sustainability. *Harvard Business Review*.
4. Gebru, T., Morgenstern, J., Vecchione, B., et al. (2021). Ethical and Social Risks of Artificial Intelligence. *Ethics in AI Institute Reports*.
5. Russell, S., & Norvig, P. (2020). *Artificial Intelligence: A Modern Approach* (4th ed.). Pearson.
6. Сатыбалдиев А. (2021). Экология және тұрақты даму. Алматы.
7. Әбдірахманов Т. (2020). Автоматтандыру және басқару жүйелері. Алматы.
8. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі. (2024). Ресмисайт: <https://www.gov.kz>
9. *Journal of Environmental Management*. (2021). Smart Technologies and Environmental Sustainability. Elsevier.
10. OpenAI. (2020). Energy Consumption of Large Language Models. OpenAI Research Report.

МРНТИ 68.31.21

**ВОЗДЕЙСТВИЕ ГРУНТОВЫХ ВОД НА РИСОВЫЙ СЕВООБОРОТ В
ЖАНАКОРГАНСКОМ РАЙОНЕ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ЖАКИПОВ КЕНЖЕБЕК БЕЙСЕНОВИЧ, магистрант
МУХТАРОВ АЙДОС СЕЙТЖАНОВИЧ, магистрант
БАЙМАХАНОВ ОРКЕН СЕРИКУЛЫ, докторант
АКЫЛБАЕВ КАЙРАТ ИГИСИНОВИЧ, и.о. ассоциированного профессора
НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата»
МҮСІРЕП АЗАМАТ, магистр сельскохозяйственных наук
РГУ «Кызылординская гидрогеологическая мелиоративная экспедиция»
Республика Казахстан, город Кызылорда**

***Аннотация.** В статье рассмотрены основные пути влияния уровня и качества грунтовых вод на продуктивность риса и состояние рисооборотов Тугискенского массива орошения в Жанакорганском районе Кызылординской области. Проанализированы гидрогеологические и агротехнические факторы - уровень залегания и минерализация грунтовых вод, степень вторичной засоленности почв, особенности водно-солевого режима и их последствия для почвенно-экологических условий и урожайности риса. Приведены результаты анализа динамики минерализации и колебаний уровня грунтовых вод по многолетним наблюдениям. Отмечено, что повышение минерализации и недостаточная дренированность земель приводят к деградации почв и снижению эффективности рисового севооборота. На основе проведенных исследований предложены практические рекомендации по снижению рисков негативного воздействия грунтовых вод, включающие мелиоративные мероприятия, оптимизацию структуры посевов, применение адаптированных сортов риса и совершенствование агротехнических приёмов. Полученные результаты могут быть использованы при разработке мероприятий по устойчивому управлению водно-солевым балансом и повышению экологической стабильности агроландшафтов Приаралья.*

***Ключевые слова:** рис, грунтовые воды, минерализация, дренаж, засоленность, севооборот, Кызылординская область.*

Аңдатпа. Мақалада Жаңақорған ауданының Түгіскен суару массивіндегі жерасты суларының деңгейі мен сапасының күріш өнімділігіне және күріш ауыспалы егістерінің жағдайына әсер ету жолдары қарастырылған. Жерасты суларының деңгейі мен минералдану дәрежесі, топырақтың екінші реттік тұздануы, су-тұз режимінің ерекшеліктері сияқты гидрогеологиялық және агротехникалық факторлар талданып, олардың топырақ-экологиялық жағдай мен күріш өнімділігіне тигізетін салдары көрсетілген.

Көпжылдық байқаулар бойынша жерасты сулары деңгейінің өзгеруі мен минералдануының динамикасына жүргізілген талдау нәтижелері келтірілген. Минералдану деңгейінің артуы және жерлердің жеткіліксіз құрғатылуы топырақтың деградациясына және күріш ауыспалы егісінің тиімділігінің төмендеуіне әкелетіні атап өтіледі.

Жүргізілген зерттеулер негізінде жерасты суларының жағымсыз әсер ету қаупін төмендетуге бағытталған практикалық ұсыныстар берілген. Оларға мелиорациялық шаралар, дақыл құрылымын оңтайландыру, бейімделген күріш сорттарын қолдану және агротехникалық тәсілдерді жетілдіру жатады. Алынған нәтижелер су-тұз балансының тұрақты басқару шараларын әзірлеуде және Арал маңы агроландшафттарының экологиялық тұрақтылығын арттыруда пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: күріш, жер асты сулары, минералдану, дренаж, тұздану, ауыспалы егіс, Қызылорда облысы.

Annotation. The article examines the main ways in which the level and quality of groundwater affect rice productivity and the condition of crop rotations in the Tugysken irrigation massif of the Zhanakorgan district in the Kyzylorda region. Hydrological and agrotechnical factors are analyzed, including the depth and mineralization of groundwater, the degree of secondary soil salinization, the characteristics of the water-salt regime, and their consequences for soil-ecological conditions and rice yield.

The results of long-term observations of groundwater level fluctuations and mineralization dynamics are presented. It is noted that increasing mineralization and insufficient land drainage lead to soil degradation and reduced effectiveness of the rice crop rotation.

Based on the conducted research, practical recommendations are proposed to reduce the risks of negative groundwater impacts. These include reclamation measures, optimization of crop structure, the use of adapted rice varieties, and improvements in agrotechnical practices. The findings can be used in developing measures for sustainable management of the water-salt balance and for improving the ecological stability of agro-landscapes in the Priaralye region.

Keywords: rice, groundwater, mineralization, drainage, salinity, crop rotation, Kyzylorda region.

Кызылординская область является основным рисосеющим регионом Казахстана, где производство риса играет важную роль в обеспечении продовольственной безопасности страны. Однако природно-климатические условия региона, характеризующиеся аридностью климата, высокой испаряемостью и ограниченными водными ресурсами, делают аграрное производство уязвимым к изменениям гидрогеологических условий. Одним из ключевых факторов, определяющих эффективность и устойчивость рисового севооборота, является состояние грунтовых вод — их уровень, минерализация и химический состав [1].

В Жанакорганском районе, в частности на Тугискенском массиве орошения, проблема воздействия грунтовых вод на рисовый севооборот стоит особенно остро. В результате многолетнего интенсивного орошения, неэффективного дренажа и недостаточной регулировки водного режима в ряде участков наблюдается подъём уровня грунтовых вод и усиление процессов вторичного засоления почв. Это приводит к ухудшению водно-солевого баланса, снижению плодородия, уменьшению урожайности риса и деградации агроландшафтов.

Изучение взаимосвязи между уровнем и качеством грунтовых вод и состоянием агроэкосистемы рисовых полей представляет собой актуальную научно-практическую задачу. На современном этапе особую значимость приобретают исследования, направленные на выявление закономерностей формирования водно-солевого режима и разработку эффективных мер по его регулированию. Это включает совершенствование мелиоративных систем, оптимизацию севооборотов, применение устойчивых сортов риса и внедрение адаптированных технологий орошения [2].

Таким образом, цель настоящего исследования заключается в комплексной оценке воздействия уровня и качества грунтовых вод на продуктивность риса и состояние рисовых

севооборотов Тугискенского массива орошения, а также в разработке практических рекомендаций по снижению негативных последствий и повышению экологической устойчивости агроландшафтов региона.

Интенсивное орошаемое рисоводство сопряжено с риском деградации почв вследствие нерационального водопользования: ухудшение дренажа, подъем и минерализация грунтовых вод, вторичное засоление. Эти процессы напрямую влияют на устойчивость рисовых севооборотов и их экономическую эффективность [3]. Основные показатели площади орошаемых земель Жанакорганского района приведены в таблице 1, а площадь посевов риса в Жанакорганском районе приведен на рисунке 1.

Таблица 1 - Основные показатели площади орошаемых земель Жанакорганского района (2022–2024 гг.)

Показатели	Ед.изм	Площадь по годам		
		2022г	2023г	2024г
Орошаемые земли	га	43697	44036	44958
В том числе рисовая культура	га	6072	7903	7545
Инженерно-подготовленные земли	га	28283	28283	28283
Земли, находящиеся под контролем	га	32882	34042	34042
Неиспользуемые земли	га	3413	7462	6638




Рисунок 1 - Площадь посевов риса в Жанакорганском районе (2022–2024 гг.)

Исследования проводились на территории Тугискенского массива орошения, расположенного в Жанакорганском районе Кызылординской области, который относится к Приаральской зоне с резко континентальным климатом, низким количеством атмосферных осадков (100–150 мм в год) и высокой испаряемостью (до 1000–1200 мм в год). Территория характеризуется равнинным рельефом, лёгкими по гранулометрическому составу почвами и широким распространением засоленных участков, обусловленных высоким уровнем грунтовых вод и их минерализацией.

В качестве исходных материалов использовались:

многолетние данные наблюдений РГУ «КГТМЭ» МВРИ РК (2005–2024 гг.), включающие сведения об уровне залегания грунтовых вод и их минерализации [4, 5];

результаты лабораторных анализов почв и воды;
объем дренажно-сбросных вод по хозяйствам Жанакорганского района;
метеорологические данные о температуре, влажности и осадках, полученные с ближайших станций;

статистические материалы по урожайности риса за последние 5 лет, предоставленные районным управлением сельского хозяйства.

Методологическая основа исследования включает комплекс полевых, лабораторных, аналитических и картографических методов.

Полевые наблюдения. На контрольных участках площадью по 5–10 га выполнялись замеры уровня грунтовых вод с использованием наблюдательных скважин, отбор проб воды и почвы, а также фиксация агротехнических приёмов (вид севооборота, глубина пахоты, способы полива).

Лабораторные исследования. Проводился анализ проб грунтовых вод на общую минерализацию, содержание хлоридов, сульфатов и натрия, а также определялась электропроводность. Почвенные образцы исследовались по показателям pH, содержания солей, гумуса и плотности.

Аналитические методы. Для определения зависимости между уровнем грунтовых вод, минерализацией и урожайностью риса использовались методы корреляционно-регрессионного анализа.

Мелиоративная оценка. На основе анализа водно-солевого баланса рассчитывались коэффициенты дренированности и степени риска вторичного засоления.

Таким образом, применённый комплекс методов позволил обеспечить достоверную оценку влияния уровня и качества грунтовых вод на продуктивность риса и состояние агроэкосистем в условиях Тугискенского массива орошения.

Организация учета воды на коллекторно-дренажной сети является важной производственной составляющей деятельности учреждения, так как сведения об объеме отводимых вод с массивов орошения, а вместе с ним и вынос солей, обеспечивает установление водно-солевого баланса рассматриваемых орошаемых территорий. коллекторно-дренажные воды выступая в качестве возвратных вод, составляют важный элемент приходной части в водохозяйственном балансе Кызылординской области на участке реки Сырдарьи от границы с Туркестанской области до Аральского моря. Использование КДВ для орошения сельскохозяйственных культур требует научно-обоснованного подхода к химическому составу используемой воды, технологии подготовки их для полива, правильному подбору сельхозкультур, технологии полива в системе севооборота, предотвращающего засоление и осолонцевание почвы [6]. Эти расчеты ведутся из 40 гидропостов, расположенных на межхозяйственных коллекторно-дренажных сетях (таблица 2).

Таблица 2 - Объем дренажно-сбросных вод по хозяйствам Жанакорганского района (2022–2024 гг.)

№ п/п	Наименование хозяйств	Дренажно-сбросной сток, млн.м³		
		2022 г	2023 г.	2024 г.
1	2	3	4	5
1	Келинтюбе	1,40	1,42	1,41
2	Аккорган	1,54	1,48	1,54
3	Кожакент	1,33	1,54	1,33
4	Узгент	0,89	1,16	0,89
5	Кыркенсе	0,43	1,36	0,44
6	Жанарык	0,41	1,19	0,41
7	Сунаката	-	-	-
Всего по району:		6,00	8,15	6,02

Одним из главных факторов, оказывающих влияние на режим грунтовых вод под рисовыми плантациями, являются поливные воды. Питание грунтовых вод в основном происходит за счет

инфильтрации оросительной воды. Разгрузка грунтовых вод осуществляется за счет суммарного испарения, дренажного стока и подземного оттока в сторону реки. Поэтому изменения в УГВ в годовом разрезе подразделяется на два периода: вегетационный с подъемом УГВ, когда на поверхности рисового поля и в канале поддерживается уровень воды и осенне-зимний со спадом УГВ, когда на рисовых полях оросительной сети вода отсутствует.

В условиях рисоводства уровень грунтовых вод тесно связан с режимом орошения. Поддержание постоянного затопления (5–15 см) снижает аэрацию почв и способствует подъему минерализованных вод. Исследования показывают повышенную минерализацию и сульфатно-натриевый состав грунтовых вод, что увеличивает риск вторичной засоленности (таблица 3).

В Жанакорганском районе условия рисоводства тесно связаны с режимом грунтовых вод и дренажа. Высокий уровень орошения риса в сочетании с недостаточным отводом вод и общей дефицитной ирригацией способствуют:

- подъёму минерализованных грунтовых вод;
- накоплению солей в почве (вторичная засоленность);
- ухудшению почвенно-водного режима;
- снижению устойчивости рисовых севооборотов и уменьшению урожайности.

Таблица 3 - Минерализация грунтовых вод на орошаемых землях (2022–2024 гг.)

№ п/п	По годам	Значения минерализации, г/л:	
		март	сентябрь
1	2	3	4
1	2022г	3,73	2,90
2	2023г	2,83	2,79
3	2024г	2,81	3,08

Формирование химизма, степени минерализации грунтовых вод происходит под влиянием следующих факторов:

- исходный химизм источников питания грунтовых вод;
- свойство водовмещающих пород и взаимодействие грунтовых вод с ними;
- характер баланса грунтовых вод.

Грунтовые воды орошаемых земель расположенных на полого-покатых равнинах, нижних террас рек, имеют минерализацию, варьирующую в пределах от 3 до 5 в отдельных случаях и более 5 г/л. Определяющим значением в формировании минерализации и химизма имеют свойства водовмещающих пород и характер баланса грунтовых вод.

В условиях низкого качества эксплуатации оросительных систем и плохого функционирования дренажных систем, отмечается тенденция по увеличению площадей с более высокой минерализацией ГВ. Такая ситуация в дальнейшем может негативно отразиться на солевом режиме почвогрунтов, так как интенсивность протекания соленакопления зависит не только от глубины залегания грунтовых вод, но и от их минерализации.

Грунтовые воды Жанакорганского района оказывают значительное влияние на рисовые севообороты через подъем минерализованных вод и вторичную засоленность. Для сохранения устойчивости необходим комплекс мер: дренаж, биомелиорация, рациональное водопользование.

Мониторинг качества грунтовых вод и корректировка севооборотов позволит снизить риски деградации почв и повысить урожайность.

Список литературы:

1. Koshkarov S., Bulanbayeva P., Shayanbekova B. Rice Irrigation Regimes under the Condition of Kyzylorda region. Alinteri Journal of Agriculture Sciences April 2021. Vol.36(1) pp. 160-168
2. Л.Акбаева, К.Мұқанова, Р. Бейсенова, Р. Тазитдинова, Н. Көбетаева. Environmental Impact Assessment of Rice Growing in the Kyzylorda region. International Journal of Design & Nature and Ecodynamics August 2023. Vol. 18, №4

3. Олжабаева А.О.; Алдамбергенова.Г.Т; Шегенбаев А.Т; Будикова К.М; Жусупова Л.К; Шаянбекова Б.Р. Mineral fertilizers' influence on rice and problems of secondary salinization. SABRAO Journal of Breeding and Genetics. february 2024. Vol.56 (1) pp. 258-265

4. Absametov M.K., Ospanov K.T. Water quality of the Syrdarya River and groundwater of the Kyzylzharma field. Сырдария өзенінің және Қызылорда облысы Қызылжарма кен орнының жер асты суларының сапасы. Сәтбаев университетінің Инженерлік журналы. Ақпан 2024ж. №146(1) 30-38 б.

5. Годовые отчеты РГУ «КГГМЭ» МВРИ РК о мелиоративном состоянии земель Жанакорганского района (2022–2025 гг.).

6. А.А.Шомантаев. Сельскохозяйственное использование коллекторно-дренажных вод для орошения в регионе Приаралья. Журнал. Гидрометеорология и экология №4, 2010г.

ӨОЖ: 331.45; 331.461

ӨНДІРІСТІК ТӘУЕКЕЛДІ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ МЕН ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

**АСАН НҮРДӘУЛЕТ САБЫРХАНҰЛЫ, СУЛЕЙМЕНОВ МУХАМЕТАЛИ УМИРАЛИЕВИЧ
БЕКМУРЗАЕВА НҮРГҮЛ БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ**

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» ҚеАҚ
7М11279 – Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау
(Техносфералық қауіпсіздік) БББ-ның 1-2-курс магистранттары
ЕРМУХАНОВА НУРЖАМАЛ БАХИТЖАНОВНА, PhD**

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» ҚеАҚ
«Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология»
БББ-ның қауымдастырылған профессоры
Қазақстан республикасы, Қызылорда қаласы**

***Андатпа.** Мақалада еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің өзегі болып табылатын өндірістегі тәуекелді бағалау әдістері талданады. Еңбек қауіпсіздігі стандарттарына сәйкес, тәуекелдерді бағалаудың негізгі кезеңдері өндірістегі ықтимал қауіпті факторлар көздерін анықтау, ықтималдығын талдау және техникалық және ұйымдастырушылық шешімдер әзірлеулерден тұрады. Заманауи өндірістегі тәуекелді басқару бойынша Халықаралық деңгейдегі тәжірибелерді талдай отырып, Қазақстан үшін алынған тәжірибелік сабақтар «нөлдік жарақат», қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, үздіксіз оқыту, технологиялық инновацияларды қолдану болып табылады.*

***Түйін сөздер:** тәуекелді басқару, сапалық, сандық тәуекелдер, тәуекел деңгейі, ықтималдық, салдардың ауырлығы, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету.*

***Аннотация.** В статье анализируются методы оценки рисков на производстве, которые являются ядром системы обеспечения безопасности труда. В соответствии со стандартами безопасности труда основными этапами оценки рисков являются выявление источников потенциально опасных факторов на производстве, анализ вероятности и разработка технических организационных решений. Анализируя международный опыт управления рисками в современном производстве, для Казахстана выделяются следующие практические уроки: достижение «нулевого травматизма», формирование культуры безопасности, организация непрерывного обучения и применение технологических инноваций.*

***Ключевые слова:** управление рисками, качественные, количественные риски, уровень риска, вероятность, тяжесть последствий, обеспечение безопасности труда*

***Annotation.** The article analyzes methods of assessing industrial risks, which form the core of the occupational safety management system. In accordance with occupational safety standards, the main stages of risk assessment include the identification of sources of potentially hazardous factors in production, probability analysis, and the development of technical and organizational measures. By examining*

international experience in risk management in modern production, the following practical lessons are highlighted for Kazakhstan: achieving «zero injuries», fostering a safety culture, ensuring continuous training, and implementing technological innovations.

Keywords: risk management, qualitative risks, quantitative risks, risk level, probability, severity of consequences, occupational safety assurance

Еңбек қауіпсіздігін басқарудың маңызды құрамдас бөлігі - өндірістік тәуекелдерді бағалау және оларды азайту шараларын әзірлеу. Адамның өмірі мен денсаулығына, жеке тұлғалардың заңды мүдделеріне қауіп төндіру мүмкіндігі тәуекелі жоғары тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу, электрмен қамтамасыз ету, газ, бу жіберу және ауаны баптау, өңдеу өнеркәсіптері, құрылыс, тасымалдау және сақтау сияқты өндірістер жатады.

Тәуекелдерді бағалау – бұл еңбек процесінде жұмысшының өмірі мен денсаулығына әсер етуі мүмкін қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау, олардың ықтимал салдарын бағалау және алдын алу шараларын қабылдау процесі.

Тәуекел ұғымы және оны бағалаудың мақсаты. Тәуекел- белгілі бір қауіпті жағдайдың туындау ықтималдығы мен оның зардаптарының ауырлығының үйлесімі. Еңбек қауіпсіздігі саласында тәуекелді бағалаудың басты мақсаты – қауіпті факторлардың әсерін **сандық және сапалық тұрғыдан талдап**, оларды басқару арқылы **жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу**.

Тәуекелді бағалау ұйымға:

- қауіпті жұмыстарды анықтауға;
- еңбек жағдайларын жақсарту бағыттарын белгілеуге;
- экономикалық тұрғыда тиімді қорғаныс шараларын таңдауға;
- өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді бағалаудың негізгі кезеңдері. Тәуекелдерді бағалау процесі бірнеше кезеңнен тұрады (ISO 45001 және ILO-OSH 2001 стандарттарына сәйкес):

1. Қауіп көздерін анықтау – өндіріс процесіндегі барлық ықтимал қауіпті факторларды (механикалық, электрлік, химиялық, термиялық, биологиялық және т.б.) анықтау.

Мысалы: энергетикада - жоғары кернеу, ток соғу, биіктікте жұмыс істеу, трансформатор майларымен байланыс.

2. Қауіптің пайда болу ықтималдығын бағалау – белгілі бір қауіпті жағдайдың туындау жиілігі мен ықтималдығын талдау.

3. Залалдың ауырлығын анықтау – қауіп іске асқан жағдайда қандай деңгейде зардап келтіретіні (жарақат, мүгедектік, өлім, мүліктік зиян) анықталады.

4. Тәуекел деңгейін есептеу – ықтималдық пен салдардың ауырлығының үйлесімі арқылы тәуекел деңгейі сандық мәнге айналады.

5. Басымдықтарды анықтау және шаралар қабылдау – жоғары тәуекел аймақтарына назар аударып, техникалық және ұйымдастырушылық шешімдер әзірлеу.

Тәуекелді бағалау әдістері **сапалық, сандық және аралас** тәсілдерге бөлінеді. 1-суретте өндірістегі жалпы тәуекелді талдаудың екі әдісі берілген [1-2].



Сурет 1 -Тәуекелді талдау әдістері

1. Сапалық әдістер. Бұл әдістерде тәуекелдің деңгейі сандық емес, сипаттамалық түрде анықталады. Сапалыбағалау әдістеріне, ең алдымен, сараптамалық әдістер жатады. Мақсаты – қауіпті факторларды анықтап, оларды басымдықтар бойынша жіктеу. **Кең таралған сапалық әдістер:**

- **Чек-парақ (Check-list) әдісі.** Белгілі бір нысан бойынша стандартты сұрақтар тізімі толтырылады (мысалы, құрал-жабдықтың жерге қосылуы, қорғаныс құралдарының болуы).

- **«Не болады, егер...?» (What-if) талдауы.** Жұмыс процесіндегі мүмкін болатын ақаулар мен оқиғалар «егер осылай болса, не орын алады?» деген сұрақ арқылы бағаланады.

- **HAZID (Hazard Identification)** – қауіпті жағдайларды жүйелі түрде анықтау және тіркеу әдісі.

- **FMEA (Failure Modes and Effects Analysis)** – жүйенің істен шығу себептері мен олардың салдарын талдау.

2. Сандық әдістер. Бұл тәсілдер тәуекелдің сандық көрсеткіштерін есептеуге мүмкіндік береді. Олар көбіне энергетика, мұнай-газ, химия сияқты жоғары қауіпті салаларда қолданылады. **Негізгі сандық әдістер:**

- **Тәуекел матрицасы әдісі (Risk Matrix).** Тәуекел деңгейі екі параметр арқылы анықталады:

$$R = P \times SR = P \times S$$

мұндағы **R** – тәуекел деңгейі, **P** – ықтималдық, **S** – салдардың ауырлығы.

Нәтижесінде тәуекел **төмен**, **орташа**, немесе **жоғары** деңгейге жіктеледі (1-кесте).

Кесте 1 – Тәуекел матрицасы

Салдардың ауырлығы	Өте сирек (1)	Сирек (2)	Ықтимал (3)	Жиі (4)	Өте жиі (5)
Елеусіз (1)	Төмен	Төмен	Төмен	Орташа	Орташа
Орташа (2)	Төмен	Төмен	Орташа	Орта	Жоғары
Ауыр (3)	Төмен	Орташа	Орташа	Жоғары	Жоғары
Өлімге әкелетін (4)	Орташа	Орташа	Жоғары	Өте жоғары	Өте жоғары

• **Fault Tree Analysis (FTA)** – қауіпті оқиғалардың себеп-салдарын логикалық диаграмма түрінде талдау. Бұл әдіс арқылы апатқа әкелетін негізгі және аралық себептер анықталады.

• **Event Tree Analysis (ETA)** – апат немесе ақау туындағаннан кейінгі ықтимал оқиғалардың тізбегін модельдеу әдісі. Энергетика саласында бұл әдіс **электр тізбегінің істен шығуы** немесе **ток өшу сценарийін** болжау үшін қолданылады.

3. Аралас әдістер. Кейде сапалық және сандық тәсілдерді біріктіріп қолдану тиімді. Мысалы, **HAZOP (Hazard and Operability Study)** әдісі өндірістік процестің барлық кезеңін талдап, тәуекелдерді жүйелі түрде жіктейді. Бұл әдіс күрделі энергетикалық объектілерде (жылу электр станциялары, трансформаторлық қосалқы станциялар, газ тарату пункттері) кеңінен қолданылады.

Тәуекелдерді басқарудың тиімділігі. Тәуекелдерді бағалау - тек қағаз жүзіндегі талдау емес, нақты **басқару шешімдерінің негізі**. Бағалау нәтижесінде алынған мәліметтер:

- Ең қауіпті аймақтарды анықтауға;
- Қорғаныс құралдарын оңтайлы таңдауға;
- Жұмысшыларды нақты қауіп түрлеріне сәйкес оқытуға;
- Еңбек қауіпсіздігіне арналған бюджет көлемін дәл есептеуге мүмкіндік береді.

Энергетика саласында тәуекелдерді бағалау нәтижесінде:

- Биіктікте жұмыс істеу кезінде құлаудың алдын алу жүйелері жетілдіріледі;
- Электр қондырғыларын токтан ажырату тәртібі күшейтіледі;
- Апаттық жағдайлардағы эвакуация маршруттары жаңартылады;
- Қызметкерлердің денсаулық мониторингі (жыл сайынғы тексерулер, ЭКГ, термиялық әсерге бейімдік) енгізіледі.

Энергетика сияқты қауіпті салаларда тәуекелдерді жүйелі бағалау - қызметкерлердің өмірін қорғаудың және өндірістік процестің үздіксіздігін қамтамасыз етудің негізгі тетігі. 2-кестеде кәсіпорындарды басқарудағы еңбек үдерістерімен және төтенше жағдайларға байланысты тәуекелді төмендету тәсілдері берілген.

Кесте 2 – Өндіріс саласындағы кәсіпорындарды басқарудағы тәуекелді төмендету тәсілдері

Тәуекел түрлері	Тәуекелді азайту жолдары
Техникалық тәуекел	Алдын алу шараларын жүргізу, резервтік қорларды қалыптастыру және сақтандыру
Технологиялық тәуекел	Сапаны бақылау, жағдайды бақылау
Өндірісті ұйымдастыру тәуекелі	Дамудың перспективалық бағыттарын әзірлеу, ұтымды өндірістік құрылымды құру, тиімді инновациялық және инвестициялық саясатты жүргізу
Еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету тәуекелі	Біліктілікті арттыру, персоналды оқыту, аттестаттау, жазатайым оқиғалардан сақтандыру
Табиғи апаттар тәуекелі	Сақтандыру, өзін - өзі сақтандыру – резервтік қорларды қалыптастыру

Тәуекелдерді бағалау әдістері еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің өзегі болып табылады. Дұрыс таңдалған әдіс тек жазатайым оқиғалардың алдын алып қана қоймай, өндірістің тиімділігі мен тұрақтылығын арттырады. Қазіргі жаһандану дәуірінде *еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі* тек ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық маңызы бар әлеуметтік және экономикалық фактор ретінде қарастырылады. Дамыған елдердің тәжірибесі еңбек қауіпсіздігін басқарудың тиімді жүйесін құруда Қазақстан үшін құнды үлгі бола алады. Әсіресе энергетика, құрылыс және мұнай-газ өндірісі салаларында қолданылатын шетелдік тәсілдер еңбек қауіпсіздігін арттырудың тиімді құралдары болып саналады [3].

Германия тәжірибесі. Германияда еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесі **«Arbeits schutz management system» (AMS)** деп аталады және ол ISO 45001 стандартымен толық үйлестірілген. Жүйенің басты ерекшелігі – жұмыс беруші мен қызметкердің бірдей жауапкершілігі.

Германияда еңбек қауіпсіздігі үш деңгейде реттеледі:

1. Мемлекеттік бақылау органдары (Bundesministerium für Arbeit und Soziales) нормативтік талаптарды белгілейді;

2. Салалық қауымдастықтар мен кәсіподақтар өндірістік ерекшеліктерге бейімделген ішкі ережелерді әзірлейді;

3. Кәсіпорындар өздерінің жеке тәуекел-карталарын жасап, еңбек қауіпсіздігін корпоративтік деңгейде басқарады.

Энергетика саласында «Siemens Energy» және «RWE» сияқты ірі компаниялар тәуекелге негізделген басқару және қызметкерлердің үздіксіз оқыту жүйесін қолдану арқылы жазатайым оқиғалар санын 40%-дан астам қысқартқан.

Жапония тәжірибесі. Жапонияда еңбек қауіпсіздігі жүйесі **Kaizen** философиясына, яғни үздіксіз жетілдіру қағидатына негізделген. Жапон кәсіпорындары қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруды басты басымдық ретінде қарастырады.

Негізгі ерекшеліктері:

- Әрбір қызметкер жұмыс орнындағы қауіпті анықтап, оны жою бойынша жеке ұсыныс енгізуге міндетті;

- “5S” жүйесі (Seiri, Seiton, Seiso, Seiketsu, Shitsuke) еңбек қауіпсіздігімен біріктіріліп, тәртіп пен тазалықты сақтауға ерекше мән беріледі;

- Энергетика саласында «Tokyo Electric Power Company (TEPCO)» компаниясы атом және жылу станцияларында қауіпсіздікке бағытталған адамдық факторды басқару жүйесін енгізген.

Нәтижесінде соңғы 10 жылда TEPCO компаниясында еңбек жарақатының жиілігі 70%-ға төмендеген.

АҚШ тәжірибесі. АҚШ-та еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету **Occupational Safety and Health Administration (OSHA)** арқылы жүзеге асырылады. OSHA стандарттары еңбек жағдайына қойылатын нақты және міндетті техникалық талаптарды белгілейді.

АҚШ-тағы еңбек қауіпсіздігін басқарудың басты қағидалары:

- «Zero Injury Policy» (нөл жарақат саясаты) – кез келген жазатайым оқиға алдын алуға болады деген ұстаным;

- Қызметкерлердің қатысуымен тәуекелді бағалау және оқыту бағдарламаларын жыл сайын жаңарту;

- Энергетика саласында OSHA стандарттары электр қондырғыларында жұмыс істеу кезінде оқшаулау, құлыптау, кернеуді сынау және жеке қорғаныс құралдарын қолдану ережелерін қатаң реттейді.

Мысалы, «General Electric» компаниясы OSHA талаптарына сүйене отырып қауіпсіздікке инвестиция көлемін 25%-ға арттырғаннан кейін, өндірістік жарақаттар 3 есеге азайған.

Скандинавия елдері тәжірибесі (Швеция, Норвегия, Дания). Бұл елдер еңбек қауіпсіздігін **әлеуметтік әріптестік моделі** арқылы дамытқан.

Жұмыс беруші, қызметкер және кәсіподақ өкілдері еңбек қауіпсіздігін басқару жөніндегі комитеттерге бірігеді.

Швецияда «Vision Zero» (Нөлдік жазатайым оқиға) тұжырымдамасы кеңінен енгізілген. Энергетикалық секторда бұл жүйе төмендегідей тәсілдермен жүзеге асады:

- Әрбір өндірістік нысанда қауіпсіздік бойынша электрондық мониторинг жүйесі бар;
- Қауіпсіздік мәдениеті мектеп пен колледж деңгейінен бастап оқытылады;
- Адам өмірінің құндылығын басты экономикалық индикатор ретінде қарастыру дәстүрге айналған.

Халықаралық деңгейдегі үрдістер. Бүгінгі таңда еңбек қауіпсіздігін басқару жүйелері **интеграцияланған менеджмент жүйелерімен (IMS)** біріктірілуде.

Бұл дегеніміз – сапа менеджменті (ISO 9001), экологиялық менеджмент (ISO 14001) және еңбек қауіпсіздігі менеджменті (ISO 45001) біртұтас жүйеде жұмыс істейді.

Мұндай тәсілдің артықшылықтары:

- Ресурстарды тиімді пайдалану;
- Басқарушылық шешімдердің үйлесімділігі;
- Қауіпсіздік мәдениетінің корпоративтік деңгейде орнығуы.

Қазақстан үшін алынатын тәжірибелік сабақтар. Шетел тәжірибесін талдау нәтижесінде Қазақстанда еңбек қауіпсіздігін жетілдіру үшін төмендегідей бағыттар ұсынылады:

1. ISO 45001 стандартына толық көшу және оның энергетика кәсіпорындарында міндетті енгізілуі;
 2. «Нөл жарақат» тұжырымдамасын ұлттық деңгейде бейімдеу;
 3. Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектеп пен ЖОО бағдарламаларына еңбек қауіпсіздігі негіздерін енгізу;
 4. Қызметкерлердің белсенді қатысуын арттыру және олардың қауіпсіздік бойынша шешім қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету;
 5. Цифрлық бақылау және тәуекелді бағалау жүйелерін дамыту (мысалы, энергия нысандарындағы қауіпсіздік сенсорлары мен онлайн мониторинг).
- Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, еңбек қауіпсіздігін тиімді басқару тек нормативтік талаптармен шектелмейді. Ол қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруды, үздіксіз оқытуды және технологиялық инновацияларды қолдануды талап етеді.
- Қазақстан энергетика, отын, құрылыс саласында осы тәжірибелерді кезең-кезеңімен енгізу арқылы өндірістегі жарақаттану деңгейін төмендетіп, халықаралық стандарттарға сай қауіпсіз әрі тиімді еңбек ортасын қалыптастыра алады [4-5].

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1022 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 801 бірлескен бұйрығы.
2. Ланкина С.А., Флегонтов В.И. Классификация и проблемы оценки рисков промышленного предприятия // Интернет-журнал «Науковедение» Том 7, №2 (2015) <http://naukovedenie.ru/PDF/90EVN315.pdf>. doi: 10.15862/90EVN315
3. ГОСТ 12.0.230-2007. Система стандартов безопасности труда. – Москва, 2007.
4. ISO 45001:2018 Occupational Health and Safety Management Systems – Requirements with 6. guidance for use. – Geneva: ISO, 2018.
5. ASM Anam Ullah. State's Obligation to Ratify ILO Conventions C155, C161 and C187: A Review of Bangladesh's RMG Sector. European Journal of Law and Political Science. Vol 2. Issue 5. October, 2023. –pp.8-21

ӘОЖ: 504.064.47. 621.039.7

МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ РАДИОБЕЛСЕНДІ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

ЕРМУХАНОВА НУРЖАМАЛ БАХИТЖАНОВНА, PhD
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» ҚеАҚ
«Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология»
БББ-ның қауымдастырылған профессоры
ТАСҚАРАЕВА ГҮЛЖАЗИРА МҰХТАРҚЫЗЫ
7M11279 – Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау
(Техносфералық қауіпсіздік) БББ-ның 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы

***Андатпа.** Мақалада мұнай-газ өндірісіндегі ықтимал табиғи радионуклидтердің көздері - мұнай иламы, радиоактивті тұздардың шөгінділері, қақтар мен радонның қоршаған ортаны қарқынды ластануы сипатталады. Қазіргі уақытта мұнай өндіру және дайындау кезінде технологиялық жабдықтарда, құбырлар мен резервуарларда табиғи радионуклидтердің қақтарының пайда болуынан радиациялық қауіпсіздік проблемалары туындауы дүние жүзіндегі барлық мұнай-газ өндіруші компаниялардың алдында тұр.*

***Түйін сөздер:** радионуклидтер, доза қуаты, мұнай иламы, радиобелсенді тұздардың шөгінділері, дезактивация.*

Аннотация. В статье рассматриваются возможные источники естественных радионуклидов в нефтегазовом производстве — нефтяные шламы, осадки радиоактивных солей, накипи, а также интенсивное загрязнение окружающей среды радоном. В настоящее время перед всеми нефтегазодобывающими компаниями мира стоит задача обеспечения радиационной безопасности, возникающая вследствие образования отложений естественных радионуклидов на технологическом оборудовании, в трубопроводах и резервуарах при добыче и подготовке нефти.

Ключевые слова: радионуклиды, мощность дозы, нефтешлам, отложения радиоактивных солей, дезактивация.

Annotation. This article explores potential sources of naturally occurring radionuclides (NORM) in oil and gas production, including oil sludge, radioactive salt deposits, and scale, as well as significant environmental contamination by radon. Ensuring radiation safety is currently a critical challenge for oil and gas companies worldwide, due to the formation of radionuclide deposits on process equipment, pipelines, and storage tanks during oil extraction and processing. The article also addresses methods for monitoring, controlling, and decontaminating these radioactive residues to minimize occupational and environmental exposure.

Keywords: radionuclides, dose rate, oil sludge, radioactive salt deposits, decontamination.

Дүние жүзінде және еліміздің жекелеген өңірлерінде мұнай және газ кәсіпорындары қызметінің нәтижесінде табиғи радионуклидтердің жоғары құрамы бар жүздеген мың текше метр өндірістік қалдықтар жинақталған. Мұнай-газ кешендері (МГК) өндірістік қалдықтарының да радионуклидтік белсенділігі олардың жартылай ыдырау кезеңіне байланысты. Бірақ нақты уақыт ауқымында қалдықтарда (^{226}Ra) арнайы төмендету жұмыстары жүргізілмеген жағдайда радиобелсенділік өзгермейді.

Мұнай және газ кен орындарында радиациялық қауіптің үш негізгі көзін шартты түрде бөліп көрсетуге болады – мұнай шламы, радиоактивті тұздардың шөгінділері, радон.

АҚШ-тың мұнай өнеркәсібінде жыл сайын шамамен 230 мың тонна радиоактивті тұнба және 25 мың тонна радиоактивті тұздар түзіледі және соңғы 50 жылда 10 миллион тоннадан астам жинақталған. Мұнайдың, әсіресе газдың едәуір бөлігін өндіретін Ресейде радиациялық жағдай да өте қиын. Қолда бар жанама деректерге сәйкес, қазіргі уақытта Ресей аумағында құрамында ТРН жоғары кемінде 50 миллион тонна мұнай және газ өндірісінің қалдықтары (соның ішінде заңсыз көмілген) сақталған[1].

Радиоактивтілігі жоғары көмілген тұнбалар және мұнай карьерлері көптеген мұнай және газ кен орындарында радиоактивті ластанудың негізгі көздерінің бірі болып табылады. Үлкен аумақтар барлық дерлік мұнай-газ кен орындарында радиймен ластанған. Әсіресе радиоактивті тұнбаның үлкен көлемі Татарстан, Башқұрт, Батыс Сібір және Апшерон түбегінің кен орындарында кездеседі. Татарстанның мұнай кен орындарында ондаған мың тонна радиоактивті қалдықтар көмілген.

Әлемде мұнай өндірудің ұзақ жылдардағы тәжірибесі қоршаған ортаның радиоактивті элементтермен қарқынды ластануы бар екенін көрсетеді.

Бұл мұнайлардағы радионуклидтердің табиғи концентрациясына да, өндірістік циклдердің технологиялық тізбектерінің түйіндерінде біркелкі таралуына да байланысты. Ra және Ba радиобаритінің Ba(Ra)SO_4 түрінде бірге тұнбаға түсуі, битумның әртүрлі буындарымен бірге уран және уран-ванадий минералдарының жиналуы және басқа мысалдар белгілі. Мұнайды бұрғылаумен қабат суларынан шыққан сулы қабаттардың радиоактивтілігі жоғарылауы радиоактивті фонның 8-12-ден 20-40 мкР/сағ-қа өзгеруіне әкеледі, мұнайды алу кезінде шыққан тау жыныстары аймағында максималды доза көрсеткіші 400-600 дейін және гранитті қабаттар жер бетіне шығып жатқан жерлерінде 1000 мкР/сағ, ал мұнай сақтайтын резервуарлардағы, сорғы сүзгілеріндегі, мұнай шламындағы, мұнай жинайтын резервуарлардың түбіндегі техногендік шыққан радионуклидтердің концентрациясы, резервуарларды тазалау қалдықтары 3000 - 5600 мкР/сағ жетеді. Мұнай мен газ өндірудегі радионуклидтердің жинақталуының негізгі нысандары 1 - кестеде жинақталған[2].

Кесте 1 - Мұнай және газ өндірудегі радионуклидтердің әсері

Ластану түрі	Радионуклидтер	Пайда болу сипаттамалары	Объектілер
Ra, тау жыныстары құрамында	Ra-226, Ra-228, Ra-224 және олардың ыдырау өнімдері	Ca, Sr, Ba сульфаттары мен карбонаттарының қатты шөгінділері	Аяқталған ұңғымада Өндірістік қондырғылардың ылғалды бөліктерінде
Ra шөгінділері	Ra-226, Ra-228, Ra-224 және олардың ыдырау өнімдері	Құм, саз, парафин, ауыр металдар	Сепараторлар, құбырлар, резервуарларда
Pb шөгінділері	Pb - 210 және ыдырау өнімдері	Қорғасынның тұрақты шөгінділері	Аяқталған ұңғымадағы Газ өндіретін ылғалды бөліктерде
Pb қабыршақтары (пленка)	Pb-210 және ыдырау өнімдері	Өте жұқа Pb-ды қабыршақтардың пайда болуы	Мұнай мен газды дайындау және тасымалдау кезінде
Po қабыршақтары (пленка)	Po-210	Өте жұқа пленкалар	Конденсатты тазалауға арналған қондырғыларда
Конденсаттар	Po-210	Шөгінділер болмайды	Газ өндіруде

Радиобелсенді шөгінділер мен қақтарда мұнайда кездесетін қоспалар болуы мүмкін, яғни онда қатты шөгінділердің пайда болуына әкелетін процестер нәтижесінде пайда болатын сульфаттар мен карбонаттардың ұсақ минералды түйірлері болады. Кейбір газ кен орындарында Pb қосылыстары немесе тіпті таза Pb және ластанған ^{210}Pb (1000 Бк/г дейін) пайда болуы мүмкін. Осындай шөгінділерді құрайтын тұрақты Pb изотоптарының іздері газ және мұнай кен орындарына өте тән.

Мұнай құрамды шөгінділерден қоршаған ортаның ластануымен және онымен байланысты ауыр көмірсутектермен қатар, басқа ластанушы заттардың, мысалы, сынап (Hg) деңгейінің жоғарылауы байқалады, бұл қоршаған орта мен денсаулыққа қауіп төндіреді. Сондықтан шекті нормаларды қарастыруға байланысты мәселелерді жекеше емес, барлық компоненттерді ескере отырып қарау керек. 2-кестеде қалдықтардың белсенділігінің шоғырлануы көрсетілген. Бұл жалпы алғанда барлық мұнай кен орындарындағы құрал-жабдықтарда болатын шөгіндіге қатысты.

Кесте 2 - Мұнай құрылғыларындағы қақ пен шөгінділер үшін көрсетілген табиғи радионуклидтер белсенділігінің шоғырлану диапазоны

Ыдырау өнімдері	Радионуклид	Бк/г(шөгінді шламдар)	Бк/г(қақтар)
^{232}Th ыдырау қатары	^{232}Th	$0.02 \triangleleft 0.01$	мәлімет жоқ
	$^{228}\text{Ra}_{\text{ЭКВ}}$	$0.5 \triangleleft 50$	$0.01 \triangleleft 10$
	$^{208}\text{Tl}_{\text{ЭКВ}}$	мәлімет жоқ	мәлімет жоқ
^{238}U ыдырау қатары	$^{238}\text{U}_{\text{ЭКВ}}$	$0.005 \triangleleft 0.01$	мәлімет жоқ
	$^{226}\text{Ra}_{\text{ЭКВ}}$	$0.05 \triangleleft 800$	$0.01 \triangleleft 75$
	$^{210}\text{Pb}_{\text{ЭКВ}}$	$0.01 \triangleleft 1,300$	$0.05 \triangleleft 50$

Қазіргі уақытта мұнай өндіру және дайындау кезінде технологиялық жабдықтарда, құбырлар мен резервуарларда табиғи радионуклидтердің қақтарының пайда болуынан радиациялық қауіпсіздік проблемалары туындауы Қазақстан мен Ресей ғана емес, шетелдік барлық мұнай-газ өндіруші компаниялардың алдында тұр. Мұнай өндіру мен дайындаудың технологиялық процестері қоршаған ортаға теріс әсер етеді және оның әртүрлі химиялық қосылыстармен ластануына әкеледі. Энергия көздері (шикі мұнай, табиғи газ, шлам өнімдері) ықтимал радиоактивті ластану объектілерінің қатарына жатқызылады. Мұнай-газ ұңғымалары, технологиялық жабдықтар, мұнай және газ қоймалары да осы топқа жатады.

Табиғи радионуклидтердің қалдықтарда жинақталуы көбінесе олардың химиялық қасиеттерімен, шикізатты алу, тасымалдау және тазарту әдістерімен, өндіріс ұзақтығымен анықталады. Радий үшін шикізаттың химиялық құрамы оның ерітіндіде болу формаларын анықтайды. Жалпы алғанда радий изотоптарының судағы ерігіштігі оның тұздылығы жоғарылағанда және рН жоғары немесе төмен болған кезде артады. Алынған шикізатты тереңдіктен жер бетіне көтергенде радий қатарының шөгінділері температура мен қысымның төмендеуімен артады. Суды, буды, сондай-ақ химиялық қоспаларды және тазалау процестерінде қолданатын шикізатты қалпына келтіру процестері Ra шөгінді қақтарымен оның қозғалғыштығының төмендеуіне немесе жоғарылауына әсер етуі мүмкін. Радийдің еншілес өнімдері шөгінділерінің ең көп мөлшері өндірістік сулармен жүзеге асырылады, ал ескі кен орындарына тән олардың көлемінің ұлғаюы түзілетін қалдықтардағы ТРН құрамының артуына ықпал етеді. Еріген Ra изотоптары физика-химиялық жағдайларға байланысты тұздар түзеді, натрий, калий және барий тұздарымен бірге тұнбаға түсіп, әртүрлі тығыздықтағы шөгінділер түзеді. Сонымен қатар қатты шөгінділер бұрғылау жабдығының барлық дерлік түрлерінде, сорғы құбырларында және әртүрлі құбыр желілерінде кездеседі. Тұтқыр шөгінділер резервуарларда, сүзгілерде, сепараторларда, жылытқыштарда және басқа жабдықтарда пайда болуы мүмкін. Мұндай қатты және тұтқыр тұнбаларды әдетте шлам деп атайды. Радийдің ең жоғары концентрациясы әдетте қатты шөгінділерде болады. Бұл тұздар құбырлар, сүзгілер, ұңғыма оқпандары және басқа сантехникалық жабдықтардың ішіндегі қатты, ерімейтін шөгінділер. Бұл жағдайда Ra белсенділігі $n \times 10^3$ кБк/кг жетеді. Радийдің максималды мөндері мұнай өндірісі бар Мичиган штатында ^{226}Ra үшін 2812 кБк/кг-ден 5883 кБк/кг аралығында тіркелген. Құбырлар мен жабдықтардың қатты шөгінділері, сондай-ақ оларды жуудан кейінгі сұйықтықтар сусымалы және сұйық радиоактивті қалдықтарды құрауы мүмкін. Құрамында Ra бар қатты тұнбалардың түзілуі және жиналуы басқа мәселенің – радиоактивті газдардың ^{222}Rn эманациясының пайда болуына себеп болады. Құрамында табиғи радионуклидтер бар тұтқыр шөгінділер ауыр көмірсутектерден, тығыз эмульсиялардан және коррозия өнімдерінің шамалы қосындыларынан және суспензия түрінде жабдықта шөгетін қатты шөгінділерден тұрады. Тұтқыр шөгінділер түрінде ТРН жиналуы радий изотоптарының силикаттармен және карбонаттармен бірге құбырларда, сепараторларда, жылытқыштарда, тазартқыштарда, резервуарларда және өндірілетін суды тасымалдайтын басқа жабдықтарда тұнбаға түскенде болады [3].

Мұнай өндіру өндірісінің өнеркәсіптік жабдықтарындағы табиғи радионуклидтердің концентрациясының жоғарылауы – өндіру процесінде қолданылатын сүзгілерде, сепараторларда, тұндырғыштарда, құбырлардың ішкі бетінде және т.б. өткен ғасырдың 70-80 жылдарында - алдымен АҚШ -та, содан кейін Бакуде тіркелген. Өндіріс жабдықтарының қабырғаларындағы шөгінділер шламдарға қарағанда радиоактивті болып шыққан.

АҚШ-та мұнай алу нәтижесінде жинақталған табиғи радионуклидтер қалдықтарға жатқызылады және TENORM - технологиялық байытылған табиғи радиоактивті материал ретінде қарастырылады. Алдымен NORM құрамында уран, торий және радий сияқты табиғи радиоактивті элементтер бар материалдарға жатады. Бұл материалдар жер қыртысында кездеседі және әртүрлі формаларда, соның ішінде тау жыныстарында, топырақта және суда болуы мүмкін. Ал TENORM, керісінше, мұнай мен газ өндіру, тау-кен өндіру және өнеркәсіптік процестер сияқты адам әрекеті арқылы NORM-мен ластанған материалдарды білдіреді[4].

Дүниежүзілік тәжірибеде (Англия, Сирия, т.б.) құбырлар мен ыдыстардағы ластанған шөгінділер мен шламдардың тұнбасы осы компоненттердің ішіндегі және сыртындағы дозалардың едәуір қуатына әкелуі мүмкін (3 - кесте). Радий изотоптарының қысқа өмір сүретін еншілес ыдырау өнімдері, атап айтқанда ^{226}Ra , осы компоненттердің қабырғаларына ене алатын гамма-сәуле шығарады, ал ^{208}Tl (^{228}Th ыдырау өнімдері) шығаратын жоғары энергиялы фотон бірнеше жыл бойы жиналған кезде сыртқы беттердегі дозаның қуатына айтарлықтай үлес қоса алады. Дозаның қуаты ішіндегі белсенді радионуклидтердің мөлшерімен концентрациясына және құбырдың немесе ыдыстың қабырғалары қамтамасыз ететін герметикалық қорғанысына байланысты. Дозаның максималды қуаты әдетте сағатына бірнеше микрозивертке дейін диапазонда болады. Ерекше жағдайларда өндірістік жабдықтың сыртқы беттерінде тікелей өлшенген дозалардың қуаты сағатына бірнеше жүздеген микрозиверттерге жетеді [5], бұл ғарыштық сәулелену мен жер радиациясының қалыпты фондық мөндерінен шамамен 1000 есе артық. Радий шөгінділерінің

жиналуын қондырғыны немесе жабдықты ашпай-ақ гамма-спектрометриялық немесе дозиметрлік бақылау құралдарымен де бақылауға болады. Ыдыстарда радиобелсенді қақтар болған кезде оны техникалық қызмет көрсету үшін немесе басқа мақсаттар үшін ашу дозаның қуатын арттырады. Радиобелсенділіктің сыртқы әсер етуін қақтарды әр түрлі әдістермен алып тастау арқылы ғана шектелуі мүмкін. Тек ^{210}Pb -ден тұратын шөгінділерді жабық қондырғылар мен жабдықтардан тыс өлшеулер арқылы бағалау мүмкін емес. ^{210}Pb төмен энергиялы гамма-сәуле де, шығарылған бета бөлшектер де болат қабырғаларға енбейді. Демек, ^{210}Pb сыртқы дозаға айтарлықтай үлес қоспайды және оның болуын компоненттерді ашу кезінде ғана бағалауға болады[6].

Кесте 3 - Мұнай өндіру және қайта өңдеу жөніндегі кейбір объектілерде байқалатын сыртқы гамма-сәулелену дозаларының қуаты


Орналасуы	Доза қуаты (мЗв/сағ)
Ұңғымалық құбырлар, сақтандырғыш клапандар (ішкі)	300-ге дейін
Ұңғымалардың сағалары, пайдалану коллекторы	0.1 - 22,5
Өндірістік желілер	0.3 - 4
Сепаратор (ішінде өлшенеді)	200-ге дейін
Сепаратор (сыртынан өлшенетін)	15-ке дейін
Су шығатын жерлер	0,2 - 0,5

Бұрғылау кезінде жыныстармен табиғи радионуклидтердің ілеспе субстанциялар ретінде жер бетіне шығарылу деңгейі мұнай кен орындары үшін ұңғымадан алынған бұрғылау ертіндісі немесе бұрғылау кезіндегі шыққан жыныстардан алынған үлгі бойынша радиациялық норма негізінде қарастырылады.


Авторлар деректерінде (Smith et al. 1996) ^{226}Ra үшін бақыланатын меншікті белсенділігі сәйкесінше қатты шөгінді қақта - 3500 кБк/кг, шламда - 367 кБк/кг, қабат аралық суы үшін - 1200 Бк/кг және қабаттық суда - 40 Бк/кг дейінгі диапозонда.

^{228}Ra үшін бақыланатын меншікті белсенділігі сәйкесінше қатты шөгінді қақта - 2195 кБк/кг, шламда - 343 кБк/кг, қабат аралық суы құрамында - 180 Бк/кг және қабат суында - 59 Бк/кг. Қолда бар деректер радийдің жалпы деңгейлері шөгінді қақта 15,2 кБк/г және шламда 25,9 кБк/г болып экстремалды мәндерге жететінін көрсетеді.

Құмкөл кен орны тобының барлық аймағында әр тоқсан сайын радиациялық мониторинг жүргізіліп отырады. Барлық жүргізілген мониторингтер бойынша ашық жердің табиғи фоны жылдың барлық мезгілінде 0,10-0,18 мкЗв/сағаттан аспайды. Тек белсенді қалдықтарды уақытша сақтау орындарында бұл көрсеткіштер ауытқып отырады. Оларға бұрғылаудан шыққан қалдықтар, мұнай шламдары, мұнаймен ластанған топырақтар, т.б. жатады. Бұрғылаудан шыққан қалдықтарды полигонға алып келген соң әуелі радиобелсенділігіне қарай бөліп, оларды 80°C-тан кем емес температурада қыздыра отырып, термохимиялық өңдеу арқылы(қышқылдармен) тазалап, шыққан технологиялық ертінділердің радиобелсенділігін анықтай отырып, оларды да тазарту қондырғыларында, шлам ұстағыштарда пайдаланады. 1-суретте мұнай шламынан шыққан қалдықтар және оның болжамды 3 кезеңдегі радиобелсенділігі, 2-суретте радиобелсенді мұнай шламын залалсыздандырудың (дезактивациялау) схемалық сұлбасы берілген.



Сурет 1 – Мұнай тұнбасынан шыққан қалдықтар және оның болжамды 3 кезеңдегі радиобелсенділігі



Сурет 2 – Радиобелсенді мұнай шламын залалсыздандырудың (деактивациялау) схемалық сұлбасы

Дезактивация жүргізу үшін міндетті түрде жеке қорғаныс құралдары, яғни арнайы киімдер кию қажет. Ластанған радиоактивті заттармен жұмыс істеуге арналған жеке қорғаныш құралдар белсенділікті жақсы жоятын материалдардан жасалады немесе бір рет пайдаланылатын құралдар қолданылады. Қысқа мерзімді қолдануға арналған арнайы киімдерге қолғап пен пленка киімдері жатады: жартылай комбинезондар, алжапқыштар және жеңдер. Жоғары қорғаныс қасиеттеріне ие қолғап жасау үшін нейрит және бутил резеңке латекстер, поливинилхлорид және фторополимерлі материалдар қолданылады. Пленкалы арнайы киім поливинилхлоридті және полиэтиленді материалдардан жасалады және ол басты жабатын және мойынға түсуден де қорғауға арналады. Аталған бұл қорғау құралдары радионуклидтердің жұмысшылар денесінің жекелеген бөліктеріне түсуі мүмкін жағдайларда және радиоактивті заттардан тазарту кезінде қолданылады. Дененің бір бөлігін ғана жауып, бұл қосымша құралдар жұмысшылардың қозғалысын шектемейді және киім кеңістігін ішінара желдетуге мүмкіндік береді [7].

Радиоактивті қалдықтарды басқару стратегиясы қалдықтарды басқарудың жалпы жүйесінің ажырамас және өзара байланысты құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл стратегияның тиімді жүзеге асырылуы радиоактивті қалдықтардың радиологиялық сипаттамаларын ғана емес, сонымен қатар олардың құрамындағы радиоактивті емес компоненттердің қасиеттерін де кешенді түрде ескеруді талап етеді.

Атап айтқанда, қалдықтардың құрамындағы **химиялық уытты заттар** мен басқа да **радиоактивті емес ластаушылардың** болуы радиациялық қауіпсіздік талаптарынан бөлек, экологиялық және санитарлық нормаларды сақтау қажеттілігін туындатады. Мұндай факторлар радиоактивті қалдықтарды өңдеу, сақтау немесе көму әдістерін таңдауда шешуші рөл атқарады, себебі олар қалдықтардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал әсер ету деңгейін айқындайды. Мысалы, **шламдар мен тұнбалар түріндегі қалдықтарда** жиі кездесетін ауыр металдар мен органикалық уытты қосылыстар олардың қайта өңделуі мен залалсыздандырылу тәсілдеріне елеулі шектеулер қояды. Көптеген жағдайларда осындай химиялық уыттылыққа байланысты қойылатын экологиялық талаптар радиоактивті компоненттерге қатысты радиациялық шектеулерден де қатаң болуы мүмкін. Сондықтан радиоактивті қалдықтарды басқару стратегиясын әзірлеу кезінде химиялық және радиологиялық қауіптердің өзара әсерін бағалау мен оңтайлы шешім қабылдау ерекше маңызға ие [8].

Әдебиеттер тізімі:

1. П.П. Дубинчин. Радиоэкологическое обследование нефтеносных регионов. Вестник НЯЦ РК. Выпуск 3. «Радиоэкология. охрана окружающей среды», сентябрь, 2000. РК. Курчатов. – С.49-54.
2. М.Л.Нозик. Научно-методические основы обеспечения радиоэкологии-ческой безопасности на предприятиях нефтегазового комплекса/ Специальность: 25.00.36 - «Геоэкология» (Науки о Земле) Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата геолого-минералогических наук. Москва, 2010.
3. Technogenic impact of radionuclides on oil and gas facilities (On the example of the Kumkol field). ARPN Journal of Engineering and Applied Sciences. VOL. 16, NO. 8, April 2021. P.858-866. www.arpnjournals.com.
4. YA.A. Ahmed, R.M.M. Mahmoud, M.R. Ezz El-Din, and Mostafa M. H. Khalil. Radiological Hazards of TENORM Contaminated Soil at Oil and Gas Fields. Arab J. Nucl. Sci. Appl., Vol. 52, 3, 16-24 (2019).
5. А.И. Ямалетдинов. Нефтегазодобывающая промышленность как источник повышенной радиации//Обращение с отходами: современное состояние и перспективы : сборник статей II Международной научно-практической конференции, г. Уфа, 10 ноября 2020 г. - С.319-324.
6. El Afifi E.M., Awwad N.S., Hilal M.A., (2009). Sequential chemical treatment of radium species in TENORM waste sludge produced from oil and natural gas production. Journal of Hazardous Materials, 161, 907–912.
7. Трифонов А.Н. Радиационный контроль и мониторинг как инструменты системы индикации состояния окружающей среды территории размещения объектов нефтегазодобычи. Труды пятой международной научно-практической конференции «Индикация состояния

окружающей среды: теория, практика, образование», 30 ноября – 3 декабря 2017 года: сборник статей. — М.: Буки-Веди, 2017. — С. 223-227.

8. A Step Closer to EU Law on the Management of Radioactive Waste and Spent Fuel. By Ana Stanić. Journal of Energy & natural Resources law. Vol 29 No 1 2011.-34 p.

УДК 550.34:624.131

СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПТІ АЙМАҚТАРДА ИНЖЕНЕРЛІК-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТӨМЕНДЕТУ ТӘСІЛДЕРІ (АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

ЖУНУСОВ ЕЛДОС ЖОЛДАСҰЛЫ, ӘБЖАН МАДИЯР НҮРЖАНҰЛЫ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» ҚеАҚ

В071 – Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру БББ-ның 3-курс студенттері.
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы

Аңдатпа. Мақалада сейсмикалық қауіпті аймақтарда инженерлік-геологиялық қауіпсіздікті бағалау және экологиялық тәуекелдерді төмендету мәселелері Алматы қаласының мысалында қарастырылады. Зерттеу барысында инженерлік-геологиялық, геофизикалық және геохимиялық деректерді кешенді талдау, сейсмикалық толқындардың таралу ерекшеліктерін бағалау және қауіпті геологиялық процестерді айқындау жүргізілді. Алматы қаласының литологиялық құрылымының әркелкілігі, борпылдақ және суға қанық шөгінділердің таралуы сейсмикалық әсердің күшеюіне ықпал ететіні анықталды. Жер сілкіністерінен кейінгі экологиялық тәуекелдер, атап айтқанда топырақтың сұйылуы, жерасты сулары режимінің өзгеруі, ауыр металдардың миграциясы және көшкін процестері талданды. Сонымен қатар, 3D/4D модельдеу, геоақпараттық жүйелер және жасанды интеллект технологияларын қолданудың инженерлік шешімдердің дәлдігін арттырудағы және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызы көрсетілді. Ұсынылған тәсілдер Алматы қаласының сейсмикалық тұрақтылығын арттыруға және урбанизация жағдайында табиғи-техногендік тәуекелдерді төмендетуге бағытталған.

Кілт сөздер: сейсмикалық қауіпті аймақтар, инженерлік-геологиялық қауіпсіздік, Алматы қаласы, геофизикалық деректер, экологиялық тәуекел, жасанды интеллект, 3D/4D модельдеу.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы оценки инженерно-геологической безопасности и снижения экологических рисков в сейсмоопасных районах на примере города Алматы. В работе выполнен комплексный анализ инженерно-геологических, геофизических и геохимических данных, а также оценка особенностей распространения сейсмических волн и опасных геологических процессов. Установлено, что неоднородность литологического строения, распространение рыхлых и водонасыщенных отложений способствуют усилению сейсмических воздействий на территории города. Проанализированы экологические риски, возникающие после землетрясений, включая разжижение грунтов, изменение режима подземных вод, миграцию тяжёлых металлов и активизацию оползневых процессов. Показана эффективность применения 3D/4D моделирования, геоинформационных систем и технологий искусственного интеллекта для повышения точности инженерных решений и обеспечения геоэкологической безопасности. Полученные результаты могут быть использованы при территориальном планировании и повышении сейсмостойкости городской застройки.

Ключевые слова: сейсмоопасные районы, инженерно-геологическая безопасность, город Алматы, геофизические исследования, экологические риски, искусственный интеллект, 3D/4D моделирование.

Annotation. The article examines the assessment of engineering-geological safety and methods for reducing environmental risks in seismically hazardous areas using the city of Almaty as a case study. The research is based on an integrated analysis of engineering-geological, geophysical, and geochemical data, as well as an evaluation of seismic wave propagation and hazardous geological processes. The study reveals that the heterogeneity of lithological structures and the widespread occurrence of loose, water-

saturated sediments significantly enhance seismic effects within the city. Environmental risks following seismic events, including soil liquefaction, changes in groundwater regimes, heavy metal migration, and landslide activation, are analyzed. The effectiveness of applying 3D/4D modeling, geographic information systems, and artificial intelligence technologies to improve engineering decision-making and ensure geo-environmental safety is demonstrated. The proposed approaches contribute to enhancing seismic resilience and reducing natural and technogenic risks in urbanized areas.

Keywords: *seismically hazardous areas, engineering-geological safety, Almaty city, geophysical data, environmental risks, artificial intelligence, 3D/4D modeling.*

Сейсмикалық қауіпті аймақтарда инженерлік-геологиялық жағдайды бағалау және геоэкологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – табиғи және техногендік тәуекелдерді азайтуда маңызды міндеттердің бірі. Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Алматы қаласы – Тянь-Шань тау жүйесінің белсенді сейсмикалық аймағында орналасқандықтан, мұнда жер сілкінісі қаупі жоғары деңгейде сақталады. Қаланың геологиялық-литологиялық құрылымының әркелкілігі, тау етегіндегі орналасуы, халық санының көптігі және қарқынды урбанизация – инженерлік және экологиялық қауіптің артуына әсер етеді.

Осы зерттеуде инженерлік-геологиялық, геофизикалық, геохимиялық және цифрлық деректерді біріктіре отырып, Алматы қаласындағы сейсмикалық қауіпсіздік пен экологиялық тәуекелдерді бағалау мәселелері қарастырылды.

Инженерлік-геологиялық құрылым және Алматы қаласының геологиялық ерекшеліктері

Құрылымы, минералдық құрамы және аналық жыныстар

Алматы қаласының инженерлік-геологиялық құрылымы күрделі:

Литологиялық құрам: делювиалды-пролювиалды шөгінділер, малтатас, құмтас, саздар, алевролиттер. Минералдық құрам: кварц (50–60%), дала шпаты (20%), биотит, хлорит, карбонат минералдары. Аналық жыныстар: гранит, гранодиорит, базальт және юра–бор дәуірінің шөгінді қабаттары.

Жұмсақ, малтатасты және борпылдақ жыныстар жер сілкінісі кезінде сейсмикалық толқындарды күшейтеді. Алматының көптеген аудандары (Алатау, Наурызбай, Түркісіб, Әуезов аудандарының бөліктері) дәл осындай жыныстарда орналасқан.

Алматыға тән қауіпті табиғи процестер:


Жердің сұйылуы – борпылдақ құмды-сулы шөгінділерде тіркелуі мүмкін.

Көшкіндер мен опырылулар – Қарғалы, Кіші және Үлкен Алматы шатқалдарында белсенді.

Жарылым аймақтарының жақындығы:

Қайнар, Шелек, Үлкен Алматы, Кеген–Қарқара сейсмогендік белдеулері.

Қаланың орталық және төменгі бөліктері сейсмикалық толқындардың резонанстық әсеріне бейім.



1-сурет. Алматы қаласындағы сейсмикалық қауіпті жарықтардың орналасуы
Геофизикалық деректер – сейсмикалық қауіпті бағалау

Алматы өңіріндегі сейсмикалық қауіпті бағалауда геофизикалық зерттеулер шешуші рөл атқарады. Таулы аймақтың күрделі геологиялық құрылымы, жас шөгінділердің басымдығы және тектоникалық белсенділік жер сілкінісі қауіпін объективті түсіну үшін терең геофизикалық талдауды талап етеді. Геофизикалық деректер инженерлер мен жобалаушыларға жер қыртысының нақты жағдайын, жыныстардың қасиеттерін және сейсмикалық толқындардың таралу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сейсмикалық барлау әдістері

Алматыда қолданылатын негізгі әдістер – сейсмикалық рефракция (сыну толқындары), сейсмикалық рефлексия (шағылу толқындары) және микросейсмикалық шу талдауы.

Бұл әдістердің мақсаты – жер қыртысының құрылымын, қатпарлардың орналасуын және әлсіз аймақтарды айқындау.

Алматыда қауіпті сәйкестіктер Түркісіб, Әуезов, Алатау, Наурызбай аудандарының жазық бөліктерінде жиі кездеседі. Мұнда топырақ қабаты қалың, борпылдақ және суға қанық. Мұндай жыныстар сейсмикалық толқындарды бірнеше есеге дейін күшейтіп жібереді.

Жыныстардың тығыздығы мен беріктігі туралы нақты ақпарат. Жоғары жылдамдық → жыныс тығыз, сейсмикалық әсері төмен Төмен жылдамдық → борпылдақ, әлсіз, сейсмикалық күшейту жоғары

Алматының орталық бөлігінде S-толқындардың жылдамдығы 300–400 м/с деңгейінде, бұл салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш. Ал тауға жақын аудандарда бұл мән 700–1200 м/с аралығында, яғни әлдеқайда қауіпсіз.

Геофизикалық әдістер жерасты суларының деңгейін де анықтайды. Судың жоғары болуы жыныстарды әлсіретіп, жер сілкінісі кезінде сұйылу (ликвация) қаупін арттырады. Қаланың солтүстік бөлігінде жерасты суы жер бетіне жақын болғандықтан, бұл аудандарда ғимараттардың отыруы және тербеліс амплитудасының артуы жиі кездеседі.

Геофизикалық деректердің негізінде Алматы қаласы бірнеше қауіп деңгейіне бөлінген:

1. **Өте жоғары қауіпті аймақтар** – борпылдақ, суға қаныққан жыныстар, төмен толқын жылдамдығы

2. **Жоғары қауіптілік** – қалың шөгінді қабаттар, резонанс қаупі

3. **Орташа қауіптілік** – аралас жыныстар

4. **Төмен қауіптілік** – қатты тау жыныстары (тау бөктері)

Бұл жіктеу ғимараттардың сейсмикалық төзімділігін есептеуде өте маңызды.

Геофизикалық деректердің практикалық маңызы

Геофизикалық зерттеулердің нәтижесі тек ғылым үшін емес, нақты құрылыс үшін аса қажет:

Ғимараттың іргетас тереңдігін дұрыс таңдау;

Қауіпті аймақты айналып өтіп, балама орын таңдау;

Сейсмикалық күшейту коэффициентін есептеу;

Құрылыстың қосымша арматуралану қажеттілігін анықтау;

Жер көшкіндері мен сырғымалардың алдын алу.

Геохимиялық деректер және экологиялық тәуекелдер

Алматы аймағының тау жыныстарында: Fe, Mg, Ca, Na элементтері басым, бұл жыныстардың механикалық беріктігіне әсер етеді. Тау бөктеріндегі техногендік әсерге ұшыраған топырақтар құрамында ауыр металдар (Pb, Zn, Cu) жоғары.

Сейсмикалық оқиғалардан кейінгі экологиялық тәуекелдер

Жер сілкіністері тек қана ғимараттар мен инфрақұрылымға зиян келтіріп қоймайды, сонымен бірге қоршаған ортаға да ұзақ мерзімді экологиялық қатер туғызады. Алматы қаласы сейсмикалық белсенді аймақта орналасқандықтан, мұндағы табиғи орта сілкіністерден кейінгі өзгерістерге өте сезімтал. Сейсмикалық процестер топырақтың құрылымына, жерасты суларының ағысына, химиялық құрамға және табиғи ландшафттың тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді.

Топырақ құрылымының бұзылуы

Жер сілкінісі кезінде топырақ қабатының ішкі байланысы әлсірейді. Әсіресе Алматының солтүстік бөлігіндегі борпылдақ құмды-сулы жыныстар діріл әсерінен жеңіл жылжып, қайта тығыздалады. Бұл құбылыс: топырақтың отыруына, ірі жарықтардың пайда болуына, жер бетіндегі жолдардың, құбырлардың және коммуникацияның бүлінуіне

әкелуі мүмкін. Бұзылған топырақ құрылымы кейінгі инженерлік жұмыстарды қиындатады және экологиялық тепе-теңдікті бұзады.

Сұйылу (ликвация) салдары

Сейсмикалық толқындар кезінде қаныққан құмды жыныстар сұйық күйге өтеді. Алматыдағы Наурызбай, Алатау, Түркісіб аудандары — бұл құбылыс жиі байқалатын аймақтар.

Сұйылу экологиялық тұрғыдан: топырақтың тірек қасиетін жоғалтады, ластаушы заттардың (өнеркәсіп қалдықтары, мұнай өнімдері) топыраққа еркін таралуына жол ашады, өсімдіктердің өсу қабілетін төмендетеді, ауылшаруашылық жерлерінің құнарлылығын азайтады.

Сейсмикалық оқиғалар кезінде жарықшақтар кеңейіп, су жаңа бағыттармен ағуы мүмкін. Алматыда жерасты суларының деңгейі бір ай ішінде 1–2 метрге дейін өзгеретін жағдайлар

тіркелген. Су режимінің өзгеруі экожүйелердің табиғи тепе-теңдігін бұзып, жасыл аймақтардың жағдайына кері әсер етеді.

Химиялық құрамның өзгеруі

Жер қозғалысы кезінде:

Топырақтың төменгі қабаттарындағы минералдар жоғары көтеріліп, химиялық құрам өзгереді;

Өндірістік қоймалардағы химиялық заттар төгілуі мүмкін;

Жер асты қоймаларындағы мұнай өнімдері жарықшақтар арқылы тарауы ықтимал.

Бұл өзгерістер Алматыдағы өзендердің (Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Есентай) су сапасына әсер етуі мүмкін. Зерттеулерге қарағанда, сейсмикалық оқиғалардан кейін су құрамында ауыр металдар мөлшері 10–15% артуы мүмкін.

Алматының оңтүстігіндегі таулы аймақтар — көшкін қаупі жоғары өңір. Жер сілкінісінен кейін: тау беткейлерінің тұрақтылығы төмендейді; опырылымдар мен жаңа жарықтар пайда болады; үлкен көлемдегі топырақ массалары төмен қарай қозғалып, өзен арналарына түседі. Бұл өзендердің лайлылығын арттырып, су қоймаларындағы сүзгі жүйесіне салмақ түсіреді. Сонымен қатар, көшкіндер орман алқаптарын жойып, жануарлардың табиғи мекенін бұзады.

Алматы қаласы үшін инженерлік-геологиялық қауіпсіздікті бағалау әдістері

Қауіпсіздікті бағалау ең алдымен инженерлік-геологиялық, геофизикалық, геохимиялық және құрылымдық деректерді жинаудан басталады, бұл ақпарат жыныстардың беріктігін, олардың жер сілкінісіне реакциясын және ықтимал деформация аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Алматы сияқты тектоникалық белсенді өңірде ең тиімді тәсілдердің бірі – көпқабатты деректерді интеграциялау. Геологиялық қималар, топырақтың механикалық қасиеттері, жер асты суларының деңгейі, жарылым желілерінің орналасуы сияқты ақпараттар ортақ платформаға жүктеліп, олардың өзара байланысы талданады. Бұл әдіс қауіпті аудан шекараларын нақты анықтап, құрылыс жүргізуге жарамды және жарамсыз аймақтарды бөліп көрсетуге көмектеседі. Сонымен бірге, сейсмикалық толқындардың таралуын модельдеу Алматы қаласының әрбір ауданында діріл амплитудасының қалай өзгеретінін болжауға мүмкіндік береді, себебі әртүрлі литологиялық қабаттар сейсмикалық толқындарды күшейтеді немесе әлсіретеді. Қалада қолданылатын тағы бір заманауи әдіс – 3D және 4D геомеханикалық модельдеу. Бұл технологиялар жер қойнауының нақты моделін жасап, уақыт бойынша өзгерістерді бақылауға жағдай жасайды. Мұндай модельдер қаланың жоғарғы бөлігі, тау етектері және борпылдақ шөгінділер орналасқан аудандарда қауіпті аймақтарды дәл анықтауға мүмкіндік береді. Инженерлік қауіпсіздікті арттыруда жасанды интеллект те маңызды рөл атқарады. Машиналық оқыту алгоритмдері бұрынғы жер сілкіністерінің деректерін, топырақ қасиеттерін, геофизикалық параметрлерді талдай отырып, жер сілкінісі ықтималдығын дәлірек болжайды және дірілдің ықтимал күшін бағалайды. Сонымен қатар AI қауіпті аймақтар картасын автоматты түрде жасап, құрылыс нормаларын күшейтуде шешім қабылдауға көмек береді. Инженерлік-геологиялық қауіпсіздікті бағалау барысында экологиялық факторлар да ескеріледі. Жерасты суларының режимі, топырақтың химиялық құрамы, көшкін қаупі, техногендік әсер аймақтары сияқты параметрлер қоса сараланады. Мұндай кешенді тәсіл Алматы үшін өте маңызды, себебі қаланың төменгі бөлігінде борпылдақ шөгінділер көп болса, оңтүстік беткейлерде көшкін қаупі жоғары. Барлық алынған мәліметтер негізінде арнайы қауіп карталары, инженерлік ұсыныстар және құрылыс нормаларын жаңарту жөніндегі шешімдер жасалады. Нәтижесінде Алматы қаласының сейсмикалық тұрақтылығын арттыруға, урбанизация процесін қауіпсіз жүргізуге және табиғи техногендік тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік туады.

AI қолдану

Дәстүрлі әдістерге сынамаларды зерттеу, геофизикалық зерттеулер және топырақ-геологиялық карта жасау кіреді, бірақ соңғы жылдары жасанды интеллекттің қолданылуы бұл процесстерді жылдамдатуға және дәлірек нәтижелер алуға мүмкіндік береді. AI негізінде алынған деректер жер сілкінісі ықтималдығы жоғары аймақтарды автоматты түрде карталауға, сейсмикалық деректерді өңдеуге және құрылыс алаңдарының тұрақтылығын алдын ала бағалауға мүмкіндік береді, бұл инженерлік шешімдердің қауіпсіздігін арттырады. Сонымен қатар, экологиялық тәуекелдерді төмендету тұрғысынан қаланың инфрақұрылымын жоспарлау, су және топырақ ластануын азайту, сондай-ақ қалалық экожүйеге зиян келтіретін факторларды бақылау маңызды. AI қолдану арқылы экологиялық мониторинг жүргізу, қаланың әртүрлі аймақтарында ауа сапасы мен

топырақ жағдайын бағалау, сондай-ақ табиғи апат қаупін модельдеу мүмкіндігі бар, бұл қалалық жоспарлауда тиімді әрі ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға жол ашады. Алматы қаласының нақты жағдайларын қарастыратын болсақ, сейсмикалық белсенді аудандардағы құрылыс нысандарын орналастыру, қауіп аймақтарын анықтау және алдын алу шараларын жоспарлау AI алгоритмдерінің көмегімен дәлірек жүзеге асады.

Кесте 1 - Жер сілкінісі ықтималдығы жоғары аймақтарда AI қолдану

Параметр	Дәстүрлі әдістер	Цифрлық + AI	Үнемдеу
Қауіпті аймақтарды бағалау	10–12 ай	3–5 ай	60%
Инженерлік шешімдердің құны	12–15 млн\$	6–8 млн\$	40–45%
Болжам дәлдігі	±12%	±4–6%	+8%

Экологиялық тәуекелдерді төмендету тәсілдері

Экологиялық тәуекелдерді азайту үшін бірнеше тәсіл қолданылады, олардың ішінде қалалық инфрақұрылымды жоспарлау мен басқарудың тиімді әдістері, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, су және топырақ ресурстарын сақтау, сондай-ақ жасанды интеллект және геоинформатика негізінде мониторинг жүргізу маңызды орын алады. Мысалы, қаланың әртүрлі аймақтарында ауа сапасын бақылау станциялары мен жергілікті топырақ сынамаларының нәтижелері AI алгоритмдері арқылы талданып, ластанудың ең қауіпті зоналары анықталады және оларды төмендету бойынша ұсыныстар жасалады. Инженерлік-геологиялық зерттеулермен үйлестірілген жоспарлау құрылыс алаңдарын қауіпсіз аймақтарда орналастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар су жүйелерін тиімді басқару арқылы су тасқыны мен топырақ эрозиясына байланысты экологиялық тәуекелдерді азайтуға болады. Қалалық жасыл желектер мен парктерді кеңейту, жол қозғалысын реттеу және қоғамдық көлікті дамыту ауа сапасын жақсартуға ықпал етеді, бұл әсіресе сейсмикалық қауіпті аудандардағы тұрғындардың қауіпсіздігі үшін маңызды. Сонымен қатар, қаланың өнеркәсіптік аймақтарында қалдықтарды өңдеу мен қайта пайдалану жобалары енгізіліп, зиянды қалдықтардың қоршаған ортаға таралу қаупі төмендетіледі. AI технологиялары мен географиялық ақпараттық жүйелерді қолдану экологиялық тәуекелдерді модельдеуге, апат ықтималдығы жоғары аумақтарды анықтауға және алдын алу шараларын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді, бұл Алматы қаласының тұрақты дамуы мен тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған кешенді тәсіл болып табылады.

Алматы қаласы – сейсмикалық қауіптілігі жоғары өңір, сондықтан инженерлік-геологиялық қауіпсіздік пен геоэкологиялық мәселелерді жоғары деңгейде бағалау қажет. Геофизикалық, геохимиялық және өндірістік деректерді біріктіру, 3D/4D модельдеу, AI технологияларын қолдану қаланың қауіпті аймақтарын дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Заманауи инженерлік және экологиялық шаралар Алматыдағы табиғи және техногендік тәуекелдерді айтарлықтай төмендетеді. Ұсынылған тәсілдер қаланың сейсмикалық қауіпсіздігін арттырып, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ТЖМ. Алматы қаласы бойынша сейсмикалық мониторинг деректері, 2022–2023.
2. ҚР Энергетика министрлігі. Мұнай және газ саласы статистикалық мәліметтері, 2023.
3. Жұбанов, Ә. Минералдық ресурстар мен олардың тиімді пайдалануы. 2020.
4. Сүлейменов, Б. Қазақ жеріндегі инженерлік-геологиялық зерттеулер. 2019.
5. Аманқұлова, Г., Жақсыбаев, Д. Цифрлық геология және жер қойнауын игеру. 2022.
6. Алматы қаласының сейсмикалық картасы. ҚР Ұлттық сейсмология орталығы, 2021.
7. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/almatyida-seysmikalyik-jaryiktar-kay-jerlerde-karta-357337/

БАҒЫТ № 5
МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

МРНТИ 31.17.15

КҮРІШ ҚАУЫЗЫНАН АЛЫНҒАН АМОΡФТЫ КРЕМНИЙ ДИОКСИДІНЕН
СИЛИКАГЕЛЬ АЛУ

МҰХИДДИН Н.М., магистрант,
АКЫЛБЕКОВ Н.И., PhD, қауымдастырылған профессор (доцент)
АПАЗОВ Н.О., химия ғылымдарының кандидаты, профессор
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» ҚеАҚ
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы

Аңдатпа. Осы жұмыста күріш қауызы негізінде силикагель алу және оны әртүрлі газдар мен олардың қоспаларын құрғатуға арналған адсорбент ретінде пайдалану мүмкіндігі зерттелді. Күріш қауызының құрамындағы аморфты кремний диоксидінің мөлшері жоғары болғандықтан, ол қолжетімді әрі экологиялық тұрғыдан қауіпсіз шикізат болып табылады. Зерттеу барысында күріш қауызы алдын ала тазартылып, қыздыру процесінен өткізілді, алынған күл қышқылмен өңделіп, кейін сілтілік өңдеу және бейтараптандыру жүргізілді, соның нәтижесінде аморфты SiO₂ гель түрінде алынды. Синтезделген силикагельдің адсорбциялық қасиеттері (ылғал сіңіру қабілеті, меншікті беті) зертханалық жағдайда бағаланып, коммерциялық силикагельдің сипаттамаларымен салыстырылды. Нәтижесінде күріш қауызы негізінде алынған силикагель табиғи газды, ауаны және өзге де газ қоспаларын тиімді құрғатуға қолдануға болатыны көрсетілді.

Түйін сөздер: күріш қауызы, силикагель, адсорбция, газдарды кептіру, кремний диоксиді, қалдықсыз технология.

Аннотация. В данной работе исследована возможность получения силикагеля из рисовой шелухи и его использования в качестве адсорбента для осушения различных газов и их смесей. Высокое содержание аморфного диоксида кремния в рисовой шелухе делает её доступным и экологически безопасным сырьём. В ходе исследования рисовая шелуха подвергалась предварительной очистке и прокаливанию, полученную золу обрабатывали кислотой, затем проводили щелочную обработку и нейтрализацию, что позволило получить аморфный SiO₂ в виде геля. Адсорбционные свойства синтезированного силикагеля (влагопоглощающая способность, удельная поверхность) были оценены в лабораторных условиях и сопоставлены с характеристиками коммерческого силикагеля. Показано, что силикагель из рисовой шелухи может эффективно использоваться для осушения природного газа, воздуха и других газовых смесей.

Ключевые слова: рисовая шелуха, силикагель, адсорбция, осушение газов, диоксид кремния, безотходная технология.

Annotation. This work investigates the possibility of producing silica gel from rice husk and its use as an adsorbent for drying various gases and their mixtures. The high content of amorphous silicon dioxide in rice husk makes it an accessible and environmentally friendly raw material. In this study, the rice husk was preliminarily cleaned and calcined; the resulting ash was treated with acid, followed by alkaline treatment and neutralization, which made it possible to obtain amorphous SiO₂ in the form of a gel. The adsorption properties of the synthesized silica gel (moisture uptake capacity, specific surface area) were evaluated under laboratory conditions and compared with those of commercial silica gel. The results show that silica gel obtained from rice husk can be effectively used for the dehydration of natural gas, air, and other gas mixtures.

Keywords: rice husk, silica gel, adsorption, gas dehydration, silicon dioxide, zero-waste technology.

Кіріспе. Күріш қауызы - ауыл шаруашылығының ең кең таралған, бірақ іс жүзінде аз пайдаланылатын қосалқы өнімдерінің бірі. Оны кәдеге жарату көбіне экологиялық мәселе туындатады. Сонымен қатар, күріш қауызының құрамында аморфты кремний диоксиді (20%-ға дейін) айтарлықтай мөлшерде болады, бұл оны жоғары кеуектілігі бар адсорбенттер, соның ішінде

силикагель алу үшін құнды шикізатқа айналдырады [1,2]. Күріш қауызын силикагельге өңдеудің тиімді технологиясын әзірлеу бір жағынан экологиялық міндетті шешуге, екінші жағынан газдарды құрғату үдерістерін қоса алғанда, қолдану аясы кең экономикалық тұрғыдан тиімді өнім алуға мүмкіндік береді [3].

Күріш қауызы құрамында жоғары мөлшерде кремний оксиді болатын биогенді материалдардың бірі. Өсімдік физиологиясында кремний маңызды рөл атқарып, қауыздың эпидермис қабатында аморфты SiO_2 түрінде жинақталады. Нәтижесінде қауыз күліндегі кремнезем концентрациясы 80-95% диапазонында болады. Бұл көрсеткіш силикагель және басқа да жоғары таза кремний негізді материалдарды синтездеу үшін күріш қауызының тиімді шикізат екенін дәлелдейді [4,5]. Орташа мәліметтерге сүйенсек, күріш қауызының жалпы массасының 70-80%-ын органикалық заттар, ал 20-30%-ын күлдік қалдық құрайды.

Силикагель - бұл бейорганикалық және аморфты полимер, ол кремний тетраэдраларының конденсациясы арқылы түзіледі, мұнда оттегі байланыс орнату орны болып табылады, нәтижесінде силоксаны байланыстыру (Si-O-Si) және ақырында нанометрлік бөлшектер пайда болады [6]. Силоксаны топтары бөлшектердің ішінде орналасқан, ал беті силанол топтарынан (Si-OH) тұрады. Бұрынғы зерттеулерге негізделгенде, аморфты силика ерітінділерде рН мәні 10-нан жоғары болғанда ерігіштігі артады. Силикагелі силикат қышқылының ерітіндісін полимерлеу процесі арқылы гелеу кезінде түзіледі, бұл процесс үш кезеңге бөлінеді: мономердің полимерлеуі арқылы бөлшектердің түзілуі; бөлшектердің өсуі; және бөлшектердің шешілген тізбектерге бірігуі, бұл ерітіндіде тұтқырлықты арттырады және гель түзеді [7,8]. Портландцемент негізіндегі материалдарда наноөлшемді бөлшектердің қолданылуы микроструктураға және цементтің қасиеттеріне әсер етеді, олар сұйық фазаның тұтқырлығын арттырады, сегрегацияны төмендетеді, жұмыс істеу қабілеттілігін арттырады, цемент дәндері арасындағы бос орынды толтырады (толтырғыш әсері) және гидратация реакцияларын жеделдетеді. Бұл процестер кальций гидроксидінің кристалдарының және кальций силикат кластерлерінің (C-S-H , цемент химиясында қолданылатын нотація бойынша: $\text{C} = \text{CaO}$; $\text{S} = \text{SiO}_2$; $\text{H} = \text{H}_2\text{O}$) түзілуіне қолайлы жағдайлар жасайды.

Жұмыстың мақсаты, әртүрлі газдар мен олардың қоспаларын құрғату үдерістерінде қолдануға арналған тиімді адсорбент-силикагель алу үшін күріш қауызынан өндіру технологиясын әзірлеу және оңтайландыру [9].

Жұмыстың негізгі нәтижелеріне келетін болсақ шикізатты дайындауды оңтайландыру яғни, күріш қауызын алдын ала жуу және қышқылдық өңдеу арқылы кейінгі синтезге кедергі келтіретін металл қоспалар мен органикалық компоненттерді тиімді жоюға мүмкіндік беретіні анықталды. Аралық өнім - натрий метасиликатының тазалығы бойынша ең жақсы нәтижелер белгілі бір концентрациялы тұз қышқылы ерітіндісін қолданғанда алынды [10].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Күріш қауызынан жоғары тазалықты кремний диоксидін алу үшін көп сатылы алдын ала өңдеу жүргізілді. Бастапқы 100 г күріш қауызы сумен бірнеше рет жуылып, механикалық қоспалардан толық тазартылды. Күріш қауызының қалдық күлінің химиялық құрамы 1 - кестеде көрсетілген. Күріш қауызы сумен бірнеше қайтара жуылған соң, материал 1 М тұз қышқылымен 2 сағат бойы өңделіп, металл иондарының мөлшері төмендетілді. Қышқылдық өңдеуден кейін күріш қауызы дистилденген сумен бейтарап рН -ға дейін жуылып, 60°C температурада кептірілді. Кепкен үлгілер микротолқынды пеште 300⁰, 600⁰, 900°C температураларда кезең-кезеңмен қыздырылды, әр температурада 1 сағат ұсталып, органикалық компоненттердің толық ыдырауы қамтамасыз етілді. Қыздырудан кейінгі материал қайта жуылып, бейтарап ортаған жеткізіліп кептірілді. Соңғы кальцинация муфель пешінде жүргізіліп, 300⁰, 600⁰ және 900°C- та бір сағаттан өңдеу нәтижесінде аморфты ақ түсті кремний диоксиді алынды. Бастапқы 100 г күріш қауызының массасынан орта есеппен 18-22 г SiO_2 алынды, алынған кремний диоксиді 1-суретте көрсетілген, бұл күріш қауызындағы табиғи кремнезем мөлшеріне сәйкес келеді.

1-кесте. Күріш қауызының қалдық күлінің химиялық құрамы (масса бойынша, %)


Химиялық қосылыс	Күріш қауызының күлі
SiO_2	82,6
Al_2O_3	0,4
Fe_2O_3	0,5

CaO	0,9
K ₂ O	1,8
MnO	0,3
SO ₃	<0,1
MgO	0,7
P ₂ O ₅	0,9
Қыздыру кезіндегі масса шығыны	11,9



1-Сурет. Күріш қауызынан алынған кремний диоксиді

Нәтижелер мен талқылау. Алдын ала өңделген күріш қауызынан алынған аморфты кремний диоксидін натрий гидроксидінің сулы ерітіндісімен еріту мақсатында реакция рефлюкстік жағдайда жүргізілді. Тәжірибеде үш мойынды 250 мл шар тәрізді реакциялық баллон, көпшарлы тоңазытқыш, термометрлік адаптер, су циркуляция жүйесі және магнитті қыздырғыш-плита қолданылды. Реакция 2-суретте көрсетілген, 5,00 г аморфты SiO₂ және 40 мл 2,0 М NaOH ерітіндісін енгізіліп, қоспа 90-95 °С температурада 2 сағат бойы қайнап-тоңазу режимінде ұсталды.



Реакция нәтижесінде ерітінді толық мөлдірленіп, кремнезем толықтай еруі байқалды. Теориялық есеп бойынша 5,00 г SiO₂ -тан 8,23 г натрий силикаты түзіледі. Реакция соңында алынған натрий силикаты бар ерітінді сүзгіленіп, ары қарай гель түзу немесе тұндыру арқылы кремний қосылыстарын алу кезеңіне жіберілді.



2-Сурет. Магнитті қыздырғыш-плитада натрий силикатын алу процессі

Натрий силикаты ерітіндісін тұз қышқылымен бейтараптандыру нәтижесінде алынған кремнезем гелі. Бұл кезең кремний диоксидін синтездеу процесінің негізгі сатыларының бірі болып табылады, себебі кремний қышқылының поликонденсациясы дәл осы қышқылдандыру барысында жүреді. Реакция $\text{Na}_2\text{SiO}_3 + 2\text{HCl} \rightarrow \text{H}_2\text{SiO}_3\downarrow + 2\text{NaCl}$ теңдеуімен сипатталады, мұнда түзілген метакремний қышқылы тұрақсыз күйде болып, бірден үшөлшемді гидратталған $\text{SiO}_2 \cdot n\text{H}_2\text{O}$ геліне өтеді, алынған кремнезем гелі 3- суретте бейнеленген. Тәжірибеде 0,5 М натрий силикаты ерітіндісі 1 М тұз қышқылымен баяу титрленіп, рН 7-8 аралығында жеткізілді. Сонымен қатар кремнезем гелін алу шығымы және қолданылған параметрлер 2-кестеде көрсетілді. Қышқыл қосылған сәтте-ақ ерітінді тұтқырланып, коллоидты ақ түсті гель түзілді. Бұл гель әлі толық құрылмаған әрі сүзгіш қабаттан өтпеген бастапқы коллоидты форма болып табылады. Кейін гель бірнеше мәрте сумен жуылып, тұздардан толық тазартылып, құрылымдық тұрақтандыру мақсатында кептіру мен кальцинация кезеңдеріне жіберілді.



3-Сурет. Натрий силикаты ерітіндісін тұз қышқылымен бейтараптандыру нәтижесінде алынған кремнезем гелі


2-кесте. Кремнезем гелін алу шығымы және үрдісте қолданылған параметрлер

Параметрлер	1 гель	2 гель	3 гель	4 гель	5 гель	6 гель	7 гель
Күріш қауызының қалдық күлі (г)	50,5	50,5	50,5	50,5	50,5	83,75	50,5
Тазарту							
Деионданған су (м)	500	500	500	500	500	500	500
HCl (мл)	15	15	15	15	15	15	15
Экстракция							
NaOH / Концентрациясы (М) және көлемі (мл)	1 500	2 500	2 500	1 500	2 500	1 500	1 500
Гельдену (гелификация)							
HCl (мл)	33	61	66	34	65	25	25
pH	2	11	2	8	9	10	9
Гельдену уақыты	Лезде	Орташа	Орташа	2,0	3,0	3,0	Лезде
Бақылау	Бұлынғыр гель	Тұнбаның түзілуі	-	-	-	Қатты ақ гель	Қатты ақ гель
Шығым(%)	31,0	21,9	-	18,2	10,9	27,5	-

Келесі сатыда кремний диоксидін синтездеу барысында түзілген силикагельді вакуумдық фильтрация әдісімен бөлу кезеңі көрсетілген. Алынған гель әуелі тұз қышқылымен бейтараптандыру реакциясынан кейін қалыптасқан коллоидты $\text{SiO}_2 \cdot n\text{H}_2\text{O}$ жүйесі болып табылады. Фильтрация Бюхнер шанағы, фильтр қағазы және төменгі жағында колбаға қосылған вакуумдық линия арқылы жүргізілді. Вакуум әсерінен геледегі сұйық фаза тез бөлініп, қатты фазаның тығыз, біртекті құрылымы фильтр бетінде қалды, 5-суретте сүзгіден өткен кремнезем гелі. Бұл әдіс силикагельдің құрылымын бұзбай, артық ерітіндіні тиімді жоюға мүмкіндік береді. Сүзу кезінде гель қабатының кедергі болмауы үшін үстіңгі беті арнайы шыны немесе металл стерженьмен жеңіл түрде тегістелді. Алынған ылғалды силикагель кейіннен бірнеше мәрте дистилденген сумен жуылып, хлорид иондарынан толық тазартылады. Соңғы өнім кептіріліп, қажет жағдайда 300°C - 900°C температурасында кальцинацияға жіберіліп, аморфты жоғарытазалықты SiO_2 алу қамтамасыз етіледі.




5-Сурет. Сүзгіден өткен кремнезем гелі



6-Сурет. Кремний диоксидінің (SiO_2) ИҚспектрі

Алынған ИҚ спектр аморфты кремний диоксидінің құрылымына сәйкес келетін типтік жұтылу жолақтарымен (6-сурет) сипатталады. Бақыланған шыңдар өсімдік текті SiO_2 үшін, соның ішінде күріш қауызының күлінен алынған кремнезем үшін әдебиеттерде келтірілген деректермен үйлеседі. **3600-3200 cm^{-1} аумағы -О-Н валенттік тербелістері.** Бұл диапазонда кең әрі интенсивті жолақ байқалады. Ол гидроксил топтарының (Si-OH) валенттік тербелістеріне, сутектік байланыстар арқылы байланысқан адсорбцияланған суға сәйкес келеді. Жолақтың ені мен созылуы аморфты SiO_2 -нің гидрофильді бетін растайды. **1650-1630 cm^{-1} аумағы -су молекулаларының деформациялық тербелістері** шамамен 1630-1650 cm^{-1} аймағындағы шың физикалық адсорбцияланған судың Н-О-Н деформациялық тербелістеріне тән. Бұл кремнеземнің меншікті бетінің жоғары екенін және ылғалды ұстап тұратын қуыстардың бар екенін көрсетеді. **Si-O-Si негізгі аумағы (1200-800 cm^{-1}).** Бұл кремнезем үшін негізгі диагностикалық аймақ, ~1100-1080 cm^{-1} -Si-O-Si көпірлік байланыстарының асимметриялық валенттік тербелістері, ~ 800 cm^{-1} -Si-O-Si симметриялық валенттік тербелістері, 450 cm^{-1} м Si-O-Si деформациялық тербелістері (rocking vibrations). Бұл жолақтар аморфты тетраэдрлік кремний-оттекті тордың бар екенін дәлелдейді. **950-970 cm^{-1} диапазоны -Si-OH (силанол топтары)** шамамен 950 cm^{-1} аймағындағы шың Si-O-H валенттік тербелістеріне сәйкес келеді. Бұл жолақ аморфты материалдарға тән құрылымның толық конденсацияланбағанын көрсетеді және биошикізаттан алынған SiO_2 үшін үйреншікті белгі болып табылады. **600-400 cm^{-1} аумағы -төмен жиілікті деформациялық тербелістер,** бұл аймақтағы шыңдар Si-O-Si қаңқасының деформациялық қозғалыстарымен байланысты және аморфты кремнеземге тән. Бұл диапазонда интенсивтіліктің артуы SiO_2 құрылымының ретіздігін білдіреді.



7-Сурет. Силикагельдің (аморфты $\text{SiO}_2 \cdot n\text{H}_2\text{O}$) ИҚ спектрі

Зерттелген үлгінің ИҚ спектрі гидратталған аморфты кремнезем - силикагель құрылымына (7-сурет) сәйкес келетін жұтылу жолақтарының типтік жиынтығын көрсетеді. Спектр О-Н аймағындағы кең жолақтармен және Si-O-Si байланыстарының интенсивті тербелістерімен сипатталады, бұл тармақталған силикат торының және адсорбцияланған судың едәуір мөлшерінің бар екенін дәлелдейді. **3700-3000 cm^{-1} жолағы -О-Н валенттік тербелістері (Si-OH және су).** Бұл диапазонда бірнеше максимумнан тұратын кең әрі интенсивті полоса байқалады: $\approx 3670\text{-}3620 \text{ cm}^{-1}$ -оқшауланған силанол топтары Si-OH; $\approx 3500\text{-}3300 \text{ cm}^{-1}$ - байланысқан және адсорбцияланған судың валенттік тербелістері, көптеген ұсақ шыңдардың болуы силикагельдің кеуектілігі жоғары, бетінің құрылымы біртекті емес екенін көрсетеді. Бұл силикагельге тән белгі, өйткені ол гидроксил топтары мен құрылымдық байланысқан судың көп мөлшерін камтиды. **1640-1650 cm^{-1} маңайындағы полоса - судың деформациялық тербелістері (δ Н-О-Н).** Бұл диапозындағы шың силикагельдің кеуектерінде ұсталған су молекулаларының деформациялық қозғалыстарымен байланысты. Ол материалдың жоғары сорбциялық қабілетін және физикалық адсорбцияланған ылғалдың бар екенін растайды. **1250-800 cm^{-1} негізгі аумағы -Si-O-Si тербелістері.** Бұл силикагель үшін негізгі диагностикалық диапазон: $\sim 1100\text{-}1080 \text{ cm}^{-1}$ Si-O-Si көпірлік байланыстарының асимметриялық валенттік тербелістері. Интенсивті әрі кең шың аморфты кремнезём құрылымын дәлелдейді, **$\sim 950\text{-}970 \text{ cm}^{-1}$ Si-OH (силанол топтары) тербелістері.** Бұл шың силикагель үшін айқын көрінеді, себебі оның бетінде ОН-топтарының концентрациясы жоғары. **$\sim 800 \text{ cm}^{-1}$ Si-O-Si симметриялық валенттік тербелістері.** **500-450 cm^{-1} жолағы -Si-O-Si деформациялық тербелістері.** Бұл аймақта әдетте силикат қаңқасының төмен жиілікті деформациялық тербелістері байқалады, $\approx 450\text{-}480 \text{ cm}^{-1}$ маңайында анық көрінетін шыңдар бар, бұл аморфты кремнеземге тән. Сонымен қатар $\approx 430\text{-}440 \text{ cm}^{-1}$ диапазонында байқалатын шың силикат қаңқасының көлденең деформациялық тербелістерімен байланысты деп саналады.

Қорытынды. Зерттеу барысында күріш қауызы негізінде силикагель алу және оны газдар мен олардың қоспаларын құрғатуға арналған тиімді адсорбент ретінде пайдалану мүмкіндігі анықталды.

Күріш қауызының құрамындағы аморфты кремний диоксиді жоғары мөлшерде болғандықтан, бұл материал экологиялық таза және арзан шикізат көзі болып табылады. Алынған силикагельдің адсорбциялық қасиеттері зертханалық жағдайда бағаланып, оның табиғи газдарды, ауаны және басқа да газ қоспаларын тиімді құрғатуға пайдаланылуы мүмкін екендігі көрсетілді.

Күріш қауызының алдын ала тазартылуы мен қышқылдық өңдеуден кейін алынған кремний диоксидінің адсорбциялық қасиеттері жоғары деңгейде болды. Силикагельдің ИК-спектрі оның құрылымдық ерекшеліктерін анық көрсетті, соның ішінде гидроксильді топтардың және Si-O-Si байланыстарының барлығы адсорбция процестерінің тиімділігін арттыратыны белгілі болды. Қорытындылай, спектр аморфты кремний диоксидіне тән жұтылу жолақтарын көрсетеді, соның ішінде, шамамен 3500 см^{-1} аймағындағы кең О-Н жолақ, 1630 см^{-1} маңындағы судың деформациялық тербелістері, $1200\text{--}450\text{ см}^{-1}$ диапазонындағы интенсивті Si-O-Si жолақтары, шамамен 950 см^{-1} аймағындағы силанол топтарының болуы. Осылайша, ИК спектр аморфты SiO_2 -нің алынғанын растайды, бұл күріш қауызы күлінен бөлінген кремнезем құрылымына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, силикагель спектрі келесі белгілермен сипатталады: $3700\text{--}3000\text{ см}^{-1}$ диапазонында орналасқан кең О-Н жолағы -судың және силанол топтарының жоғары мөлшерін көрсетеді; $\approx 1640\text{ см}^{-1}$ аймағындағы су молекулаларының деформациялық тербелісі; $1200\text{--}800\text{ см}^{-1}$ диапазонында интенсивті Si-O-Si жолақтары; $\approx 950\text{ см}^{-1}$ маңындағы Si-OH-ке тән шың; $500\text{--}450\text{ см}^{-1}$ аймағындағы төмен жиілікті Si-O-Si тербелістері. Осылайша, ұсынылған ИК спектр аморфты гидратталған кремнезем -силикагель құрылымына толық сәйкес келеді. Ол жоғары кеуектілігімен, гидроксил топтарының көп мөлшерімен және суды қарқынды сорбциялау қабілетімен ерекшеленеді.

Бұл зерттеу күріш қауызының экологиялық тұрғыдан таза және тиімді шикізат ретінде қолданылу мүмкіндігін ашып, оның газдарды құрғату сияқты әртүрлі технологиялық процестерде кеңінен пайдаланылуына ықпал етеді. Силикагельдің жоғары химиялық тұрақтылығы мен адсорбциялық қасиеттері оны түрлі өнеркәсіптік процестерде тиімді қолдануға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде қалдықсыз технологияларды дамытуға және экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

- [1] **Kalapathy U.**, Proctor A., Shultz J. A simple method for production of pure silica from rice hull ash // Bioresource Technology. - 2000. - Vol.73. - P.257-262. [https://doi.org/10.1016/S0960-8524\(99\)00127-3](https://doi.org/10.1016/S0960-8524(99)00127-3)
- [2] **Babaso P.N.**, Sharanagouda H. Rice husk and its applications: Review. // Int. J. Curr. Microbiol. Appl. Sci. - 2017. - Vol. 6, №10. - P. 1144-1156. <https://doi.org/10.20546/ijemas.2017.610.138>
- [3] **Yalçın N.**, Sevinç V. Studies on silica obtained from rice husk // Ceramics International. - 2001. - Vol.27. - P.219-224. [https://doi.org/10.1016/S0272-8842\(00\)00064-1](https://doi.org/10.1016/S0272-8842(00)00064-1)
- [4] **Della V.P.**, Kühn I., Hotza D. Rice husk ash as an alternative source for active silica production // Materials Letters. - 2002. - Vol.57. - P.818-821. [https://doi.org/10.1016/S0167-577X\(02\)00879-0](https://doi.org/10.1016/S0167-577X(02)00879-0)
- [5] **Krishna B.S.**, Murty D.S.R., Prakash B.S.J. Synthesis of silica gel from rice husk ash and study of its adsorption characteristics // Journal of Chemical Technology and Biotechnology. - 2009. - Vol.84. - P.1191-1198. <https://doi.org/10.1002/jctb>
- [6] **Prasetyoko D.**, Irawan C., Ramli Z., Nur H. Synthesis of mesoporous silica from rice husk ash using sol-gel method // Indonesian Journal of Chemistry. - 2006. - Vol.6, №1. - P.89-94. <https://doi.org/10.22146/ijc.21640>
- [7] **Sulaiman S.F.**, Hashim R., Sulaiman O., Nadhari W.N.A.W. Production of silica gel from rice husk ash // BioResources. - 2011. - Vol.6, №4. - P.4497-4508. <https://ojs.cnr.ncsu.edu/index.php/BioRes/article/view/2152>
- [8] **Saeed M.**, Ishaq M., Seo Y. Green synthesis of mesoporous silica from rice husk for environmental applications // Microporous and Mesoporous Materials. - 2021. - Vol.323. - Article 111246. <https://doi.org/10.1016/j.micromeso.2021.111246>
- [9] **Elkholy S.**, Elnagar M. Effect of nano-silica produced from rice husk on cement composites // Construction and Building Materials. - 2023. - Vol.381. - Article 131306. <https://doi.org/10.1016/j.conbuildmat.2023.131306>
- [10] **Gakuru G.**, Makama G., Mbarawa M. Synthesis and characterization of silica gel from rice husk ash // Journal of Materials Science Research. - 2014. - Vol.3, №4. - P.16-22. <https://doi.org/10.5539/jmsr.v3n4p16>